С 1953 по 1967 гг. удельная суммарная активность почвы на всей территории наблюдаемой зоны уменьшилась в среднем в 1774 раза, с 1965 по 1978 – в 787 раз.

С 1963 по 1994 года снижается активность стронция и цезия.

Накопление радиоактивных веществ в растительности обусловлено поступлением радионуклидов через корневую систему.

С 1953 по 1968 гг. наблюдался спад суммарной активности растительности в 300 раз. С 1959 по 1994 гг. отмечалось уменьшение активности стронция и цезия.

Прослеживается отчетливая тенденция снижения удельной активности (в 5 раз).

Одним из путей поступления радионуклидов в организм человека является использование в пищевом рационе воды. Жители наблюдаемой зоны используют для хозяйственных нужд и питья грунтовые воды.

С 1958 по 1968 гг. в воде суммарная удельная активность уменьшилась в среднем 3 раза.

С 1963 по 1994 гг. активность стронция – снизилась в 4 раза, цезия – в 9 раз

Испытания ядерного оружия, проводившиеся в течение 40 лет причинили невосполнимый ущерб здоровью людей и окружающей природной среде, вызвали рост общей заболеваемости и смертности населения.

Вся территория Семипалатинской и прилегающие к полигону области признаны зоной экологического бедствия.

Все более пагубно сказываются отдаленные последствия ядерных испытаний, которые передаются из поколения в поколение.

Ликвидация этих последствий требует осуществления специальной государственной программы и комплекса мер по лечению, оздоровлению, реабилитации, социальной защите населения.

По нашему мнению, на государственном уровне должен быть создан уполномоченный орган, работа данной службы может быть направлена на защиту граждан, пострадавших вследствие испытаний на СИЯП, и на решение проблем психологического и социального характера.

Мы предлагаем следующие направления работы государственного уполномоченного органа это:

1. Информационно-просветительское.
2. Радиоэкологическое.
3. Экологический туризм

Кроме этого, для доступности информации необходимо создать call-центр, сотрудники которого, будут оказывать бесплатную юридическую и психологическую поддержку, а так же консультировать всех желающих.

Литература

1. Дубасов Ю.В. Радиоактивное загрязнение Семипалатинского полигона и прилегающих территорий в результате атмосферных испытаний 1949-1962 гг. // Проблемы радиоактивного загрязнения бывшего Семипалатинского полигона и прилегающих к нему территорий: Тез. докл. науч.-тех. Совещания. 7-8 октября 1996 г. НЯЦ РК. – Курчатов, 1996. – С. 12.
2. Часников И. Я. Эхо ядерных взрывов. – Алматы, 1996. – 98 с.
3. Доскалиев Ж.А. Медико-экологические последствия ядерных испытаний и задачи по углублению реабилитации населения, пострадавшего от ядерных испытаний. Материалы 3-ей Международной конференции «Экология, радиация, здоровье». Семипалатинск. – 2002. – с. 28.
4. Дубасов Ю.В., Зеленцов С.А., Красилов Г.А. и др. Хронология ядерных испытаний в атмосфере на Семипалатинском полигоне и их радиационная характеристика. Вестник научной программы «Семипалатинский полигон – Алтай». – 1994. – № 4. – С.78-86.
5. Ядерные испытания СССР. Семипалатинский полигон. Обеспечение общей и радиационной безопасности ядерных испытаний. Кол. Авторы под рук. В.А. Логачева., М.: 2-я типог. ФУ «Медбиоэкстрем» при Минздраве России. – 1997. – 320 с.

Жиынды Зәйтүн

Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің
«Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ғылыми жетекшісі – **Бастосова Қ.М.**, химия пәнінің мұғалімі

АҒЗАЛЫҚ ЗАТТА ТАҒАМДАРДЫҢ САҚТАЛУЫ

Бал және балауыз XV-XVII ғасырларда Ресейдің ішкі саудасының негізгі өнімі болған. Табиғи бал тек азық-түліктің бағалы өнімі болып қоймай, оның емдік және профилактикалық қасиеті де өте жоғары. Табиғи балды алу көптеген материалдық шығындарды талап етеді. Табиғи балдың жоғары бағасы болуы жалғандылық объектісінің бірі болуға мәжбүр етеді.

Тауары мол нарықта тұтынушыларға белгілі бір тауардың сапа деңгейіне сәйкестігін көрсететін дәлелдеме болуы қажет. Әсіресе маңызды мәселе азық-түлік өнімдері үшін идентификация мен фальсификация

Жұмыстың өзектілігі: Әртүрлі химиялық және биологиялық бөгде заттармен азық-түлік шикізаттары мен өнімдерінің ластануы, зат айналымын бұза отырып, химиялық бөгде заттар жекелеген өмір тіршілік процессіне токсикологиялық әрекет тудырады. Олар эмбриотропты, мутагенді, канцерогенді эффектілерді тудырып, адам ағзасының иммунитетін төмендетеді. Осының барлығы ағзаның қартаюына, өмір ұзақтылығының төмендеуіне әкеледі. Сондықтан қазір адам денсаулығына әсер ететін бөгде заттарды нормалау мәселесі туындайды. Сондықтан осы тақырып таңдалып, зерттеу әдістері меңгерілді

Жұмыстың мақсаты: Балдың органолептикалық көрсеткіштер мен физико-химиялық қасиеттерге сүйеніп бал сапасын анықтау және жасанды бал мен табиғи балда ет пен көкөністердің бір жыл көлемінде сақталуын бақылау.

Жұмыстың міндеттері:

1. Бал сапасын анықтау.
2. Жасанды бал мен табиғи балда ет пен сәбіздің сақталуын бақылау.

Зерттеу объектісі: Жасанды және табиғи балда сақталған ет пен сәбіз.

Ғылыми – зерттеудің негізгі нәтижелері: физико-химиялық әдістер және органолептикалық көрсеткіштер нәтижесінде балдың сапасы анықталды.

Осы мәліметтерді негізге ала отырып, таза май балында және жасанды балда ет пен сәбіздің сақталуы бір жыл бөлме температурасында бақыланды. Жасанды балдағы етте 8-ші күні-ақ ыдырау белгілері байқалды. Сыртқы түрін, түсін, консистенциясын, иісін өзгертті және ыдырау процесі басталғандықтан тәжірибе тоқтатылды.

Өткізілген зерттеулер негізінде келесі нәтижелер алынды:

Балдың органолептикалық көрсеткіштері мен физико-химиялық қасиеттері қарастырылды;

Алынған балдың үлгісі зерттеу нәтижелері бойынша мемлекеттік стандартқа сай екенін көруге болады.

Зерттеу барысында балдардың табиғилығы анықталды.

Балда ет тағамдарын сақтауға болатыны дәлелденді.

Балда көкөністерді сақтауға болатыны дәлелденді.

Ара балының жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы тоназытқыш құралдар жоқ кезде алыс жолға, саяхатқа, жолсапарға шыққанда тағамның сапасын сақтау мақсатында балды тиімді пайдалануға болатыны дәлелденді.

Әдебиеттер

1. Арикина А.И. Химический состав и свойства пчелиного меда и их изменение после нагревания. – М.: ЦИНТИ Пищепром, 1971. – 270 с.
2. Буренин Н.Л., Котова Т.Н. Справочник по пчеловодству. – М.: Колос, 1977. – 286 с.
3. ГОСТ 19792 – 2001 «Мед натуральный»
4. ГОСТ 26931 – 86 «Метод определения меди»
5. Заикина В.И. Экспертиза меда и способы обнаружения его фальсификации. – М.: Дашков и К, 1999. – 142 с.

Рафикова Балнұр

Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің
«Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ғылыми жетекшісі – Садуақасова К., биология пәнінің мұғалімі

МЕКТЕП СӨМКЕСІ ЖӘНЕ СКОЛИОЗ

Адамның түр-тұлғасының сымбаттылығы көбіне омыртқаға байланысты, өйткені ол бүкіл қаңқа сүйекті біріктіріп тұрған негізгі буын. Омыртқалардың қисаюы қауіпті дерттердің бірі. Себебі омыртқалардың иіле қисаюымен сипатталып, кеуде қуысы қызметінің және дене бітімінің бұзылуына әкеліп соқтырады. Әлемдік тәжіриде аурудың диагностикасын көбіне науқастың жас ерекшелігіне қарап жіктейді.

Барлық омыртқа бір-бірімен шеміршектер, бұлшық еттер, сіңірлер арқылы байланысып, омыртқа жотасын құрайды. Омыртқа жотасы – тұлғаны алға, артқа, бүйіріне қарай иіп-қозғалту арқылы түрлі қимылға келтіреді. Жаңа туған нәрестенің омыртқа жотасы түзу болады, иілімдер білінбейді. Сәбидің мойны қатқанда мойын, отыра бастағанда арқа иілімі біліне бастайды. Ал қаз-қаз жүре бастағанда бел мен сегізкөз омыртқаларының тұсындағы иілімдер байқалады. Иілімдер 18-20 жаста толық қалыптасады. Омыртқа жотасының алға және артқа қарай иілімдері адамның тік жүруіне байланысты қалыптасады. Ал омыртқа жотасының бір бүйіріне қарай қисаюы – «сколиоз ауруы» деп аталады.

Талаптарға сай оқушының бос сөмкесі 1кг 200г аспауы керек. Сонымен қатар төменгі сынып оқушыларының сөмкелері арқа аспалы болуы тиіс. Оқушылардың барлығында да осындай аспалы сөмкелер. Нақты санмен айтатын болсақ, зерттеуге қатысқан 30 оқушының 24 оқушыда аспалы, ал 6 оқушыда қол сөмкесі болды. Бұл пайызбен есептегенде 90% аспалы, 10% қол сөмкесі. Портфельді өлшеу барысында ең жеңілі – 500 гр, ал ең ауыры – 1000 гр болып шықты. Дегенмен сыныптағы оқушылардың сөмкелері талапқа сай деуге болады. Оқушы сөмкесінің салмағын анықтадық, оның нәтижесі бойынша оқушы салмағы мен оның сөмкесінің салмағы сәйкес келмейтінін көруге болады. Бұл әсіресе 1 сынып оқушыларында анық көрініп тұр. Ол оның денсаулығына қатты әсер ететінін білеміз.

Медициналық талаптарға сүйенетін болсақ портфельдің салмағы оқушының салмағынан оннан бір бөлігінен аспауы керек. Осы орайда айтар ұсынысым бар, бастауыш сынып оқулықтары мектепте және үйде орындауға арналған екі жинақпен шығарылса екен. Бала сонда кітаптарды ары-бері тасымайды. Сонымен қоса, кейбір оқу-әдістемелік кешендерді электронды құрылғыларда оқытудың жолы табылса, нұр үстіне нұр болар еді. Меніңше, осындай жолдармен оқушы сөмкесінің салмағын жеңілдетуге болады.

Қорыта келегенде, оқушы сөмкесі әдемі, сәнді, сыйымдылығы жоғары болғандықтан, сөмкенің ауырлығы оқушыларға ешқандай кедергі болып тұрған жоқ сияқты. Бірақ ауыр салмақты, жіңішке иінді сөмкелер балалардың жүрек соғу қозғалыстарын өзгертіп, бой сымбаттарының дамуын тежеп, олардың дамуына кедергі жасайды. Ол үшін оқушы санитарлық талаптарға сай ережелерді сақтау керек. Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші күдіретті күш тек білімге ғана тіреледі. «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» деген сөзін қолдай отырып, Отанымыз біздің қолымызда екенін ұмытпайық.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1684 Қаулысымен бекітілген Санитарлық ережелер «Балалар мен жасөспірімдерге тәрбие және білім беретін нысандарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар».
3. Қалыбаева Р. Мектепке дейінгі педагогика. Бала дамуының психологиялық ерекшеліктері. 2009 жыл, 5 – 114 б.
4. Дүйсембин Қ., Алиакбарова З. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы, Алматы, 2003. – 318-319

Пірімқұлова Наргиз, Тұрсынова Айнара

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ» КММ
Ғылыми жетекшісі – **Нукебаева Ж.К.**, биология пәні мұғалімі

ЖАЛПАҚ ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ ЗИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Біздің ғаламшардың шамамен миллиондаған тұрғыны жалпақ табан ауруының құрығына іліккен. Жалпақ табандық неге әкеледі егер табан қатты өзгерсе, жағымсыз салдары пайда болады: аяқтары тез шаршайды және ісінеді, ауырсынуды бастайды. Олар ауырады, адамның жүрекшесі өзгереді. Омыртқа да зардап шегеді. Жалпақ табандық омыртқааралық дискілердің жарығына дейін елеулі проблемаларға әкелуі мүмкін.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Жалпақ табан ауруының себептері және емдеу, алдын алу шараларымен таныстыру.

Жалпақ табандылықпен әскерге алмайды: қызмет кезінде жоғары дене жүктемелері омыртқа жарақатына әкелуі мүмкін. Егер жалпақ табандық емделмесе, табанның деформациясы күшейе түседі, өкше шпоралары, үлкен саусақтардағы ауырсыну сүйектері пайда болады. Бүгін де жалпақ табан

ауруының қарқынды өсуі, оның ішінде балалар арасында кездесуі әлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының жаһандық мәселелердің біріне айналды.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері: Жалпақ табан ауруының пайда болу себептері; Жалпақ табанның асқынуы немесе шалдықтыратын қауіпті факторлары; Балалардағы жалпақ табанды емдеу және алдын алу; Жалпақ табан ауруында медицинаның маңызы туралы оқушылардың қаншалықты білетіндігі туралы әлеуметтік сауалнама жүргізу.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: «Қазақстандағы жалпақ табан жыл өткен сайын көбейіп, оның балаларға ауыз сала бастағанын, халықтың бұл ауру жөнінде сауатының төмендігін, емдеу мекемелерінде ауруды дер кезінде елемейтіндігін, ауруға шалдыққандардың аса мән бермейді. Үй жағдайында жалпақ табандылықтан қалай құтылу жолдарын қарастырамыз.

Жалпақ табан ауруына ең алғаш XIX ғасырдың аяғында өмір сүрген неміс дәрігері С. Кнейп анықтама берген. Ол «Ең жақсы аяқ киім-ол аяқ киімнің болмауы. Жалаң аяқ жүрген әрбір қадам-өмірдің артық минуты» деуі жалпақ табандылық ауруының туындауының бір себебін алдын алса керек. Жалпақ табан – табан дөңестерінің төмендеуінен болған табанның жалпаюы. Жалпақ табан сопақша немесе көлденең болуы мүмкін. Табан сүйегінің қисаюы, өкшенің жарылуы, майтабандық дерті адамдарды жиі мазалайды. Жалпақ табандылыққа шалдықтыратын себептер: кальций жетіспеуі, суық тигізу, денеге салмақ қосқанда, сапасыз аяқ киім кию, артық салмақ, ауыр жарақат алу, экологияның зиянды әсері, дене белсенділігінің төмендігі, микроэлементтердің жетіспеушілігі, тұқым қуалаушылық немесе кейбір аурулар бұлшық еттердің әлсіреуіне және жалпақ табандылыққа әкеледі [1].

Жалпақ табандылықты қалпына келтірудің негізгі әдістері – емдік жаттығулар. Біздің оқушыларымыз аяқтарына жақсы күтім жасағанмен, жас кездерінен бастап аяқ киімді дұрыс таңдамағандан көп оқушыда аяқтары жиі ауырады, аяқ құрысулары немесе жалпақтабандылық болуы мүмкін. Емдік дене шынықтыру жаттығуларын су процедуралары, беріктендіру, тиімді тамақтану, қалыпты қимыл-қозғалыс қалыптастырумен ұштастыра отырып жүргізу және бала жасына сай аяқ киім киіп жүру, егер ауру туындаған жағдайда арнайы аяқ киім немесе ортопедиялық ұлтарақ пайдалану емдік жаттығулар тиімділігін арттырады [2].

Жалпақтабандылық салдарынан өсіп бітетін тырнақ дамиды. Табан, тізе, сан, арқада ауырсыну жүреді. Аяққа отырғанша, сәл иілу және отырған кезде тепе-теңдік сақтау қиын. «Ауыр» жүріс, яғни жүру кезінде қорбандау. Деформацияланған табан (жалпақтабан, қисық, пропорциясыз аяқ саусақтарының ұзаруы, үлкен саусақтағы сүйек, кеңейген табан), тізе (сыртқа немесе ішке қараған), сан (шыққан). Пропорциясыз дамыған және дамымаған аяқ бұлшықеттері. Жалпақтабандылықты массаж арқылы емдеу. Массаж – жалпақтабандылықты емдеудің жақсы бір тәсілі болып табылады. Ол ауырсынуды басып, лимфа- және қан айналуы жақсартады, әлсізденген бұлшықеттерді қатайтады [3].

Әдебиеттер

1. Большая книга эксперимента для школьников – М., Росмен, 2001
2. Популярная медицинская энциклопедия.
3. Человек. Энциклопедия для детей Т18 М. Аванта+. – 2001

№ 2 СЕКЦИЯ: КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК, ЛИТЕРАТУРА И ЖУРНАЛИСТИКА

Труспекова Айсу

Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданының білім бөлімінің «Новопокровка орта мектебі» КММ

Ғылыми жетекшісі – Алибекова Г.М., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ҚОНАҚ КҮТУ-АТА ДӘСТҮРІМІЗ

«Қонақжайлық» ұғымы – жалпы барлық ұлтта кездесетін, әмбебап, жалпыға түсінікті ұғым. Бірақ әр ұлттың өз ерекшелігі бар. Қонақжайлық- ежелден бері келе жатқан қазақ отбасына ерекше тән абзал қасиеттердің бірі. Қандай жағдай болса да құдайы қонақпын деп келген адамды кеудесінен итермей, жылы шыраймен қарсы алып, “барымен базар” дегендей, шамасы келгенше сый-құрметін көрсетіп аттандыру әркімнің парызы сияқты болатын. Қазақ отбасында балалар жастайынан қонақжайлыққа тәрбиеленеді. Өйткені халық дәстүрі бойынша, қонақасы берілген соң, қонақтан әңгіме сұрайды, өнерлі болса ән салғызып, күй тартқызады, ертегі, қиссалар айтқызады. Қонақ әңгімесіне балалар әрқашан құмар болады. “Адам болар бала қонаққа үйір” деп те қазақ тегін айтпаған. Өйткені әр қонақтан естіген жаңалықтарын есіне сақтай білген жастың өмірді білуі, түсінуі кеңейіп, дүниеге көзқарасы қалыптасады. Қазақ халқы – ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі бұрын танысын, танымасын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Жол жүріп кеп жатқан жолаушы «бөлінбеген еншім бар» деп, ауылдың кез келген үйіне түсіп, қонақ болған. Оның үстіне қазақта «қырықтың бірі – қыдыр», «қонақты қусаң – құт, ырыс, қашады», «Қонақпен еріп құт, ырыс келеді» деген мәтелдер бар. Ерте заманнан-ақ қазақ даласында әрбір жолаушы кезіккен қазақ үйінен қонақасын – «бөлінбеген еншім» деп талап етуге ерікті болған. қазақ халқында қонақтың бірнеше түрі бар. Олар :арнайы, қыдырма,құтты ,құдайы ,қылқыма қонақ. Қонақ күту-қазақтың қанына сіңген дәстүр

Қонақ болып барған үйінде қызды төрге отырғызады. Себебі, «қызда қырық көліктік бақыт бар». Қыдырып, қонаққа келген жас баланы үйден құр қол шығармайды. Өйткені, сәбидің меселі қайтпасын, көңілі қалмасын, жүрегі суымасын, келер бақытының беті қайтпасын, үйде оттай ыстық ықыласы қалсын деп ырымдаған. Үйде отырған қонақты саусақпен санамайды. Оның ішінде ақ сақалды қариялардың да отыруы мүмкін. Үлкен тойда, аста немесе салтанатты мереке-мейрамда сыйлы қонаққа көк қасқа тай, ақ сары бас қой сойылады. Сонда барлық тілек қабыл болып, зор бақыт қонады деп сеніп, ырымдалады. Қазақ үйіне қонған қонақты ырымдайды. Қонақ қонған түні мал төлдесе, құйрық асып, қонақты сыйлайды. Әрі киіп кигізіп, «Ақ жолтай қонақ» деп шығарып салады. Дастархан оң бетімен жайылады. Қонақ келгенде есікті үй иесінің өзі ашады. Ал қонақ шығарда есікті үй иесі ашпайды, қонақтың өзі ашып шығады. Қонақ үйге келгенде құт бірге кіреді деп жориды. Қонақ кетерде үй иесі есік ашып берсе, құт та әлгі кісімен ілесіп кетеді деп ырымдалады. Қонақтың пышағы немесе бәкісі дастарханмен бірге жиналып кетсе, қайтарып берілмейді. Қонақ ет турағанда пышағын өзі сүртіп қынына салып алуы керек. Егер дастарханмен бірге жиналып кетсе, қонақ үндемейді, пышағын сұрамайды. Сұраса «Қырық пышақ боп өштеседі» деп жориды. Қазақта «Қуыс үйден құр шықпа» деген сөз бар. Яғни, қонаққа дәмді асын беріп, құрмет көрсеткеннен бөлек кәде, сый немесе қайтарында сарқыт салып беру. Әдетте қазақтар қонақтың өз үйіндегі адамдар да үйінің асынан дәм татсын деп, дәмді асынан сарқыт салып береді, сыйлық табыс етеді.

Жалпы, бұл ғылыми жұмыста мен қонақ күтудің қадір-қасиетін түсіне білуге, ажырата білуге терең мән бердім. Зерттей келе менің көңілге түйгенім және ұққаным, оның адам өмірінде алатын орнының маңызды екені, тәрбиелік мәнінің зор екені.

Әдебиеттер

1. Зияда Аманбайұлы, «Әулет аралық естелік», Балқаш, «Гортипография» ААҚ, 2001
2. Жаңғырған салт-дәстүрлер, Наурыз, Алматы «Қазақстан», 1991 жылы

ШӘКӘРІМНІҢ ЖАСТАРҒА ӨСИЕТІ

Шәкәрім – Абайдың жақын туысы ғана емес, ақын ретінде артындағы ізбасары. Ол жастайынан Абайдың тәрбиесінде болғандықтан, ұлы ақынмен сырлас, пікірлес болуы заңды құбылыс. Егер Абай өзі өмір сүрген уақыттағы халықтың тұрмысын көріп, келешегіне алаңдап, жарқын болашаққа апарар жол сілтесе, Шәкәрім де дәл осы жолды қайталаған. Мысалы, Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңі Абайдың ағартушылық бағыттағы өлеңдерімен үндесіп жатыр. Бұл өлеңді 1879 жылы, яғни ақын небәрі жиырма бір жаста болғанда ғана жазған екен. Ендеше, ақын өзі жас бола тұрып, жастарға қандай сөз арнады? Өлеңді не мақсатпен жазды?

Ең алдымен, Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңін жазуына себеп болған жағдай – сол кездегі қазақ халқының тұрмысы болатын. Ақын халыққа: *«Үлкендерде мінез жоқ таңданарлық, Олардың қылған ісі ұрлық-қарлық»* [1], *«Ақыл жоқ бұл қазақта ойға ұнарлық, Өзін-өзі тексеріп, бой сынарлық»*, *«Мына жұртта мінез жоқ ойланарлық»* [1] деген мін тағады. Абайдың замандастары, яғни үлкендер туралы: *«Құрбыласы қулық пен айла баққан, Олардан алдамшы деп көңлі қайтқан»* [1], деп, олардың Абайдың ағартушылық жолын қабылдамағанын айтады. *«Енді бізге ақылын көрсетіп тұр, Алушы жоқ па екен деп жастар жақтан»* [1] деп Шәкәрім алдағы бар үмітін жастарға артады. Өлеңде жастар аулақ болуы тиіс теріс қылықтарды, одан кейін керісінше, жастар үйір болуы керек оң әрекеттерді жазады.

1) *«Арам айла, зорлықсыз мал табалық»* [1]. Бұл жерде ақын айламен, күшпен мал табу емес, «Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік» бір данышпан адамды табу керектігін айтады. Және данышпан деп Абайды, оның ағартушылық жолына түсуді ұсынады. Ақынның ойынша, ол заманда қазақта Абайдан басқа ағартушы, халық қамын ойлаған адам жоқ. Сондықтан жастар ұлы ақын көрсеткен жолмен жүрсе бәрі жақсы болады деген пікірін айтады.

2) *«Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей, Өтірікке өлгенше, шынға өлелік»* [1;32]. Автор жастарды шыншыл болуға шақырады. Арам ой мен өтірік айтудан сақтаныңдар, түбінде олар жақсылыққа апармайды дейді. Расында да, мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

3) *«Надандықпен біржола қастасалық!»*, *«Надандықтан жиреніп, жылысалық!»*, *«Наданға өлсек-тағғы бағынбалық!»* [1]. Бұл жерден байқағанымыз, ақын жастарға ақылды, білімді болуға үндейді, ал надандықты халықтың қас жауы деп есептейді. Себебі, надандық еліміздің өсіп-өніп, дамуына кедергі жасайды. Шынында да, қазіргі заманда айналамызға қарасақ, дамыған елдер тек ақыл, білім, өнердің арқасында ғана жетістіктерге жетіп отыр.

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, Шәкәрім арсыздық, ынсапсыздық, рахымсыздық, мақтаншақтық және оларға қарама-қарсы арлы болу, адалдық, ауызбіршілік, жауапкершілік сияқты мәселелерді қозғайды. Жалпы, «Жастарға» өлеңі арқылы жас Шәкәрімнің бойынан мынадай қасиеттерді байқауға болады:

1) Елжандылық. Оны өлеңнің егер жастар білімсіз болса, *«Мына заман көрсетер бізге тарлық»* [1] деген жолдарынан көреміз. Яғни, Шәкәрімнің жастарды білім-ғылымға итермелеуі – отансүйгіштік сезімнен туындап отыр.

2) Иmandылық. Ақын бұл өмірден басқа, о дүние барын айтады. Осы өмірде адам не істесе де, келесі өмірде жауап беретінін өлеңде былай жеткізеді: *«Дүниеде не қылдың, не қойдың?»* деп, *«Алдыңда неше жерде тосылмай ма?»* [1]. Яғни, алысты болжайтын даналығы арқылы Шәкәрім жастарды иmandылыққа шақырады.

Қорытындылай келе, біз, жастар, Шәкәрімнің өлеңінде айтылған адами құндылықтарды өмірлік ұстанымымызға айналдырсақ, болашағымыз жарқын болатынына сенемін. Себебі, елдің алдағы уақытта дамуы, халықтың тұрмыс-жағдайының жақсаруы – жастардың қолында.

Әдебиеттер

1. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1988.– 560 бет.

Байгерей Жанна

«Бизнес және сервис колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі – **Бахытбекова М.Б** қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы

М. ӘУЕЗОВТІҢ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ІЗДЕНИСТЕРІ

Заманымыздың ұлы суреткері М. Әуезов – тарихта сирек кездесетін жан-жақты, терең білімді, парасатты, шын мәніндегі асқан талант иесі. Ұлы жазушы М. Әуезовтің көркем мұрасы – біздің төл әдебиетіміз, бүкіл адамзат мәдениетінің жетістігі. Оның Абай туралы эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған әңгімелері мен повестері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына енеді.

Мұхтар Әуезовтің ғалымдық жолы көпке белгілі. Ол жасынан-ақ жазушылық қызметпен бірге әдебиет туралы ой-пікірлерін жариялап, ескі жыр-өлеңдерді жинап, оларды зерттеу саласында да өнімді еңбек етті. Оның қаламынан қазақ халқының ауыз әдебиетіне арналған көптеген зерттеулер шықты. Ол ғылыми жұртышылық мойындаған фольклоршы болатын және өмірінің соңғы күндеріне шейін Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтында ауыз әдебиеті бөлімін басқарды. Сонымен бірге Мұхтардың біздің ұлттық әдебиетіміздің тарихына, кеңес тұсындағы әдебиет дамуының өзекті мәселеріне арналған еңбектері де бірсыпыра.

Қазақ әдебиетінің классигі М. Әуезовтің алғашқы кезеңде (1919-1932) жазылған шығармаларын қарастырудың ерекше мәні бар. Суреткердің бұл кезеңдегі шығармалары оның іздену, өсу жолынан, әдеби стилі мен творчествосының қалыптасуынан мол хабар береді. 1916-1917 жылдары қолына қалам алған М. Әуезов өз тұсындағы өзгерістерден еш бейтарап қала алмады. Патшалық құрылыстың құлап, елдің ескі отаршыл құрылысқа қарсы атой салуы жас қаламгерді әлеуметтік өмірге араластырды.

«Адамдық негізі – әйел» (1917ж), «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Оқу әдісі», «Ғылым тілі» секілді мақалаларында ол оқу ағартудың, мәдениеттің маңызды мәселелерін көтереді. М.Әуезовтің 1923 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінде қырғыз эпосы «Манас» туралы жасаған баяндамасы ғылыми қауымның назарын аударды.

1918 жылы небәрі 21 жасында жазған «Япония» деген мақаласында сонау қиыр шығыстағы жұмбақ елдің 200 жылдық тарихына терең бойлап, ақтара зерттейді. Қазақ жұртының сол кездегі даму жолына Жапония тәжірибесінің тиімді жақтарын ұсынған. «Ел болам десең, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе» деген күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған мәуелі сөзін айтып, болашаққа бағытталған бағдарламалық сипаты бар, терең мағыналы ойларын ортаға салды.

Алғашқы қалам тартысынан-ақ, оның қазақтың көркем тілі мен ұлттық ой-арманын келешекке жеткізер кемел сөз шебері болатындығы зиялылар ортасында тез танылды. Осылайша, тырнақалды туындыларымен-ақ жарқ етіп көрінген құдіретті қалам иесінің шығармашылық «соқтықпалы, соқпақсыз» сапары әлемдік әдебиеттің күретамырлы туындылары қатарынан ойып тұрып орын алатын «Абай жолындай» ұлы эпопеяға ұласып, өз халқына көркем сөзбен мәңгілік ескерткіш орнатты.

Мұхтар Әуезовтің халық ағарту туралы ойларының өмір жолының әр кезеңінде көрініс беріп отырады. Әуезов ғылыми-педагогикалық, мемлекеттік және қоғамдық қызметінде өмір бойы халық ағарту, оқу ісі, ұрпақ тәрбиесі мәселелеріне жете көңіл бөліп, бұл туралы көптеген мақалалары мен жұртшылық алдында сөйлеген сөздерінде айтқан.

«Сарыарқа» газетінде 1917 жылы жарияланған «Оқудағы құрбыларыма!» атты алғашқы мақалаларының бірінде жас жазушы оқуда жүрген құрбы-құрдастарын уақытты бос өткізбей, халықты оқу-білімге бастап, үлгі көрсетуге шақырса, «Қайсысын қолданамыз» деген мақаласында орысша және ескіше – мұсылманша оқыған азаматтардың оқу ісін жүргізуде бір ауызды болуы жайында орнықты шешімге келу қажеттігі туралы сөз қозғайды.

Ж. Аймауытовпен бірге шығарған «Абай» журналының 1918 жылы 11-санында жарияланған «Оқу ісі» атты мақаласында қараңғылықтың құшағында қалған туған халқын мәдениетке, елдікке жетелеудің үлкен бір жолы – оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қоюды, бұл үшін бірінші мақсатта ана тіліндегі ұлт мектептерін ашуды көбейту қажеттігін тілге тиек етіп, мұғалім кадрларының тапшылығын, оқу құралдарының жеткіліксіздігін сөз қылады, бұл істерді дұрыс жолға қоюдың бірінші кезектегі міндеттеріне тоқталып, өз ұсыныстарын айтады.

1919-1921 жылы Семей губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары және төрағасы болып тұрған кезінде Семейде шыққан «Қазақ тілі» газетіне ағартушылық жұмысын жолға қою мәселесін көтерген бірнеше мақалалар жариялайды.

М. Әуезовтің ең алғаш Ташкент жеріне ат басын бұрғаны 1922 жылдың күзі. Онда ол Орта Азия мемлекеттік университетіне еркін тыңдаушы болып қабылданды. Сол кездің өзінде-ақ тек оқумен ғана шектеліп қалмай ғылыми, шығармашылық жұмысқа, әсіресе баспасөз ісіне қызу араласып, «Ақ жол» газетінің редакциясында келісіммен қызмет етті. 1922-1923 жылдар аралығында шыққан Түркістан автономиялық республикасы Орталық Атқару Комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы «Шолпанның» шығарушылар алқасының мүшелерінің бірі болды. Түркістан өлкесі бойынша шыққан аталмыш газет-журналдардағы алғаш жарияланған көркем туындылары мен проблемалы мақалалары арқылы қалың оқырман қауымға кеңінен танылып, Ташкенттің зиялы қауымына өзіндік ізденісімен әсер қалдырды.

«Шолпан» журналының 1922 жылғы 2-3-сандарында бірсыпыра әңгімелері мен мақалалары жарық көрді. «Қазақ қалам қайраткерлеріне» (Ашық хат) деген мақаласында ол өзінің көркемдік талаптарын нақты білдірумен бірге, соның ішінде көркем шығарманы саясатпен араластырып, оның үгіт-насихаттық сипатына ғана назар аударатын баспасөз ұжымдарын қатты сынға алды. «Шолпан» журналының ондай жалаң саясаттан бас тартатынын мәлімдеді. Соңынан өзінің осы ашық хаттағы пікірлері үшін қатты сынға ұшырады.

Ал, «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» мақаласында төл әдебиетіміздің інжу-маржандары толық жиналмағандығы, бір жүйеге келтірілмегендігі жөнінде ой қозғайды, онда қазақ әдебиетін үш кезеңге бөліп қараудың алғашқы жобасын ұсынады: халық ауыз әдебиеті, көшпелі кезең әдебиеті және жазба әдебиет сияқты кезеңдердің әдебиет үшін маңыздылығымен, міндеттерін белгіледі. Мұхтар Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласы «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2,3-санында, жалғасы 1923 жылғы 4,5-сандарында жарияланған.

Библиографиялық көрсеткіштерде «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» деген атаумен беріліп жүр. Кейін жазушының «Әдебиет тарихы» кітабына қосымша ретінде енген (А.,1991, 223-234 беттер). Қолжазбасы сақталмаған. Мақалаға автор «Тарихи-әдеби сын» деген қосалқы атау берген. Соған сәйкес қазақ әдебиетінің бүгінгі, ертедегі тарихи сыр-сипатына шолу жасау арқылы айқындауы методологиялық жағынан ұтымды шыққан.

«Ескі әдебиеттің түрін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын һәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі де мүмкін» деп жазады. Бұл мақалаға дейін қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан саралап, дәуірлеудің үлгісі жасала қоймаған болатын. Сондықтан жас автор алғаш рет өзінше: ескі ауыз әдебиеті, көшпелі дәуір әдебиеті және жазбаша әдебиет деп, шартты түрде үш үлкен салаға бөліп қарастырады. Ауыз әдебиетінен Абай дәуіріне дейінгі аралықтағы әдебиетті автор «көшпелі дәуір әдебиеті» деп атап, оны жазба әдебиеттің басы деп санайды. Көшпелі дәуір ақындары – өз заманының бел баласы. Ал олардың заманы қараңғыда сипалап, сенделудің, жалпақ адасудың заманы болды.

«Бірақ ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз. Себебі бұлардың өлеңдерінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен басқа тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойыменен әдебиет шеңберінің ішіне кіре бастаған», – дейді.

Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын «Қазақ» газеті. Оның шығарушылары мен негізгі авторлары А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың әдебиетте ұлтшылдық туын көтеріп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, «патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған» тарихи қызметінің маңызын, сол дәуір ерекшелігін, соған сәйкес әдебиеттің де негізгі бағыт-бетін жігі аңғара алғанын байқатады. Автор «Қазақ» газетінің қоғамдық-әлеуметтік, саяси қызметін осылай жоғары бағалай тұра, «таза әдебиет көзімен қарағанда, «Қазақ» газетінің заманында қазақ әдебиеті бөлекше түр тауып, өркендеп кетіп еді деп айтуға болмайтынын», өйткені саясат жүзіндегі бірбеткей жұмылудың заманында әдебиет көп жаңа түр тауып кете алмайды деген түсінік тұжырымын да ашып айтады. Сондықтан Абайдан басталған реализм сарыны қазақ әдебиетіне осы күнге шейін жол болып келе жатыр, сол Абай салған жолдан көп ұзап өзгеріп кете қойған жоқпыз дейді, одан әрі автор әдебиеттегі жаңалықтың нышаны соңғы жылдары ғана енді-енді

көріне бастағандай, «...күрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді». Бұның белгісі Мағжан Жұмабаевтың соңғы «Ертегі», «Қорқыт» сияқты өлеңдерінде бар деген пікірін ортаға салады. Автор мақаладағы осындай теориялық ой-толғамдарын түйіндеп қорытындылай келіп, соңында әдебиеттің ендігі алдағы міндеті қазақ өмірінің түгел шынайы суретін керсетуі керек, қазақтың өзіндік негізгі мінезін айқын ашатындай типтік бейнелер жасау қажет. Бұрынғы әдебиеттің ішіне тазша бала менен жалшы сақау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқығаннан бастап, қой жайып жүрген қойшыға шейін кіруге тиіс. Әдебиет сол күнде ғана өмір айнасы, өмір тезі болуға мүмкін деп аяқтайды.

«Бүгінгі зор міндет» деген мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 31-ші желтоқсан күнгі санында жарияланған. М.Әуезов «Кеңес өкіметінің заңынша оқу жұмысы қаншалық бағалы, қадірлі екенін іске араласқан кісінің бәрі де біледі. Ескі өкіметтің шашбауын көтерген оқытушылар да жаңаша оқу жолындағы кеңшілікті көріп әбден риза болып отыр. Жә, оқу ісіне өкіметтің істеп отырған қызметі, беріп отырған кеңшілігі қайсы? Бұған дәлел: Орыс, қазақ, кедей, бай, жас-кәрінің арасындағы надандықты құрту істеліп отырған қызметтер (ликвидация безграмотность). Бұл жалпы мемлекеттің қолданып отырған ісі. Енді қазақ ішіндегі оқу ісіне келейік. Қазіргі күнде губерниялық оқу бөлімінің жасап отырған жобасы бойынша, келесі жазда қазақ ішінен 300-ден аса мектептер салынбақшы. Тегінде іс қылуға көңілі бар жігіттердің бұл жұмыстарға ықыласын салу борышы. Бүгінгі күндердің зор міндеті осылар», – деп жаза келіп, жаңа өмірге қол жеткізудің үлкен бір жолы оқу екендігін айтады. Өткір сын айтып, көпшілікке ой тастайды. Жаңа өмір, жаңа құрылысқа қол жеткізудің үлкен бір жолы – оқу-ағарту ісі екендігін баса айтады. Елге шынымен жаны ашитын азаматтардың халықтық іске қолғабысын тигізуі қажет екенін айтып өтеді. Автор Кеңес өкіметінің оқу ісін аса жоғары бағалап, қадірлейтінін және оның бұл артықшылығына «жауларының да қол қойып» отырғанын айтады. «Бірталай жылдан бері қарай қазақ оқығандары қалада тұрып бас қосып, елді ағарту жолына қызмет қылар десе де, әлі күнге бір қалада қазақ халқына арналып салынған бір мектеп, бір клуб жоқ», – деп, автор қазақ оқығандарының керенаулыққа салынып келгенін, әлі де беріле дұрыс қызмет жасамай отырғанын сынап, Кеңес өкіметінің осы бағытта белгіленген шараларын және олардың маңызын нақты мысалдармен баяндап өтеді.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезіндегі алғашқы мақалалары мен салмақты, терең ойлы зерттеулерінде («Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері») қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі даму сипатын айқындап, жаңа белестерге көтерді. Сондай-ақ «Түнгі ауыл», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері» деген әңгімелері «Шолпан» журналының екі санында басылды. Сонымен бірге Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі – Мәжнүн» дастанының аталмыш журналда жариялануына М. Әуезовтің септігі болды. Шәкәрімнің бұл дастанын баспаға даярлауда шағын алғысөз жазып соңынан «Басқарма» деп қол қойған журналдың дәл осы санында М. Әуезовтің алты туындысы қатарынан жарияланған. Солардағы өзінің атын үстемелеп, қайталамас үшін қолданған бүркеншік аттары: «Жаяу сал», «Қоңыр», «Мұхтар», «Басқарма атынан Мұхтар Әуезов». 1922 жылдың өзінде М. Әуезов Абай мұрасын насихаттап, зерттеумен шұғылданды. Тіпті, 1923 жылы Ташкенттегі Орман шаруашылығы техникумында қазақ тілі мен әдебиетінен Абай еңбектерінің маңыздылығы жайында дәріс оқиды. Бұның барлығы М. Әуезовтің САГУ-де еркін тыңдаушы болып жүргенде атқарған жұмыстары.

1923 жылдың 9 майындағы Түркістан мемлекеттік университетінің басқармасында М. Әуезов қоғамдық ғылымдар факультетінің студенттер құрамынан өз таңдауындағы мамандықтың болмау салдарынан шыққаны жайында мәлімет беріледі. Түркістан Мемлекеттік Университеті (ТурГУ) 1919 жылы 30 тамыз айында ресми түрде ашылған. Университет РСФСР халық комиссарлар Кеңесінің қарауында болған. 1923 жылы 17 шілде айында Түркістан Мемлекеттік Университеті Орта Азиялық Мемлекеттік Университет (САГУ) деп аталып, ректоры А.А. Знаменский болды. Осы жылы ректордың ұсынуы бойынша, Тұрар Рысқұлов университеттің ғылыми Кеңесінің мүшесі болып сайланды. МӘуезов пен ТРысқұловтың алғашқы таныстығы да осы жылы басталып, МӘуезов Ленинград университетіне арнайы жолдама алып, оқуға түсті. М. Әуезовтің Т. Рысқұловпен таныстығы 1927 жылы жазылған «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің жазылуына арқау болды.

Ал, 1928 жылы қыркүйек айында Ташкентке, Орта Азия мемлекеттік университеті шығыстану факультетінің түрік филологиясы кафедрасының қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша аспирантурасына қайта оралады. 1928 жылдың мамырынан 1929 жылдың қыркүйегіне дейін Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының директоры, қазақ жастарының әдеби бірлестігінің жетекшісі Сәкен Сейфуллин өз бұйрығымен М. Әуезовті, арнайы жалақы тағайындап, орыс және қазақ әдебиеті тарихынан

оқытушылық қызметіне алады. Жазушы сонымен бірге Орта Азиялық Коммунистік Университеті (САКУ) тыңдаушыларына ақылы сағатпен дәріс оқыған.

САКУ орысша аталуы (Средне-Азиатский Коммунистический Университет им. В.И. Ленина) САГУ-дің жанынан ашылған партия, комсомол мектептері болатын. САКУ негізінен Түркістан өлкесіндегі партия, комсомол кадрларын дайындайтын оқу орны болды. Бұл Кеңес үкіметі кезіндегі Жоғары партия мектебі, комсомол мектебі сияқты оқу орындарының ең алғашқы ашылған үлгісі еді. Бұл партиялық оқу орнында САКУ-де Түркістан өлкесіндегі жергілікті өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, тәжік ұлтының өкілдері оқыды. Өйткені Ташкент Орта Азия халықтарының мәдени орталығы болды. Осы оқу орнында М. Әуезов сабақ беріп, САКУ-дің оқушылары мен оқытушылар құрамы жайында «Кедей айнасы» журналының сұрауы бойынша «САКУ-дің оқушылары мен оқытушылары» деп аталатын көлемді мақаласын жазады. Бірақ журналдың редакторы ақын Зиябек Рүстемов журналға түскен бұл мақаланы арнайы ескерту жасап, қысқартып тастаған.

М. Әуезов өзінің «САКУ-дің оқушылары мен оқытушылары» деп аталатын мақаласында оқушылар мен оқытушылардың партиялық, әлеуметтік, ұлттық құрамы мен 19 бен 30 жас арасындағы жастық құрамы жөнінде нақтылы әрі қызықты дерек-мағлұмат берумен қатар, САКУ-дің ішіндегі әйелдер курсы, баспа қызметкері (журналистер) курсы, комсомол университеті деген оқу орындары болғандығын, олар қандай қызмет атқарғандығы жайынан хабардар еткен.

Осы кезде М. Әуезовтің әдебиеттанудағы ғылыми жұртшылыққа қозғау салған «Әдебиет тарихы» атты монографиясы 1927 жылы Қызылорда қаласында жарияланды. Бұл еңбек жазушының ғылым жолында жан-жақты даярланған бірегей аспирант екенін танытты. М. Әуезовтің аспирант ретіндегі ең ірі зерттеулерінің бірі – «Манас». Жазушы арнайы ғылыми іс-сапармен Фрунзе қаласына барып, деректер жинастырған. 1930 жылы 18 наурыз айында САГУ-дің шығыстану факультетінің аспиранты М.Әуезов бір жыл аралығында атқарған жұмыстары жайлы берген жазбаша есебінде «Манас» жырын орындаушылар мен тыңдаушы орта» деген бірінші бөлімін аяқтағанын, жыр жайындағы зерттеуін болашақта монография етіп, бірнеше бөлімдерден тұратындығын айтқан. «Манас» эпосы жайлы 1929 жылдың қарашасында тұңғыш ғылыми баяндамасын жасап, ғалымдар назарын өзіне қаратқан болатын. 1930 жылы 20 наурызда шығыстану факультетінің мәжілісінде М.Әуезовтің бір жылғы есебі бойынша сөйлеген профессор М.Ф. Гаврилов: «... қазақ-қырғыз әдебиеті саласында ол өте бағалы ғылыми қызметкер бола алады. Жұмысын жоспарлы әрі жүйелі түрде жүргізеді» – деп қысқаша баға берген. Бұның өзі жас аспиранттың ғылымға ізденушілікке ерекше ден қойғанын көрсетеді.

Аспирантурадағы ғылыми жетекшісі Михаил Филипович Гавриловтың тапсыруымен М. Әуезов Қожа Ахмет Ясауидің «Дивани хикметін», өзбек әдебиетінің классигі Ә. Науаидің шығармаларын, Осман түріктері мен түркмен эпостарын оқып, шағатай, түркмен жазба әдебиеті түп нұсқаларымен жүйелі түрде жұмыс істеген. Тілдерді үйрену саласында да шағатай, әзербайжан, түрік әдебиетін жете меңгеру үшін парсы тілін үйренгенін, кафедра оқытушысы А.А. Семенов «қазірдің өзінде М. Әуезовтің екі жыл бойы парсы тілін оқыған аспиранттармен бірдей жақсы даярлығы бар» деп атап өткен. Университет профессоры А.Э. Шмидттің қосымша сабақтар өткізуі арқылы араб тілін де меңгерген. Шығыс әдебиетін оқып, тілін меңгергені, шығыстың идеялық-көркемдік озық жетістігін қабылдағаны, бейнелік, тілдік қазынасын сіңімді пайдалануы кейінгі жазушылық тәжірибесінен танылып, қазақ әдебиетінің тілін байытуға септігін тигізді. Мәселен «Абай жолы» романындағы оба ауруының тұсы, молдалардың өзара тартысында: « – Өфәндім Сармолла. Мен сізді тыңдадым, тыңдадым да таныдым. Білдім, енді халас! Бір ғана нариза уәһәм хақиқат сөзімді айттым. Сіз ғайыплысыз, қайтыңыз тез қателік жолдан, тыйылыңыз, фәләкәттан!». Мұндай мысалдарды «Абай жолы» романының өн бойынан молырақ кездестіруге болады. М.Әуезовтің сөздік қорындағы шығыстың бейнелік сөздерінің қолданылуы кездейсоқтық емес, Ұлы ақын Абайдың көркем тұлғасын жасау үшін Абайдың өзі меңгерген тілдерді білуі қажеттілік еді. Көршілес, түбірлес шығыс халықтарының тарихын, әдебиетін, мәдениетін, тілін үйрену, тарих пен әдебиеттің байланысты тұстарын тануда және оны насихаттауда аспирант М. Әуезов көп нәрсеге ие болды, тыңнан жол салды. Қазақ әдебиетіне шығыс тақырыбын алып келушілердің бірі болды.

М. Әуезов аспирантурада тек ғылыммен ғана айналыспай дәріс оқыған, оқулықтар дайындап, ғылыми үйірме жұмыстарына араласты. 1930 жылы Қызылорда қаласында «Қазақстан» баспасынан «Жеткіншек» деп аталатын оқу құралы жарық көрді. Ересек жастар мектебіне арналған бұл оқу кітабы үлкен екі бөлімнен тұрды. Бірінші «Қазақстан» деген бөлімінде Қазақстанның жер байлықтары, ауа райы, ауыл шаруашылығы, қазақ халқының тұрмыс-салты жайында деректер беріледі, екінші бөлімі «Кеңес

Одағы». Бұнда одақтың өндірісі, индустриялау, еңбекші табының жеңісі қысқа көлемдегі мәтін түрінде берілген. Оқулықтың тілі өте ұғынықты, жатық, жеңіл тілмен жазылған. Кезінде бұл оқулық бүкіл бір ұрпақты тәрбиелеуде үлкен қызмет атқарды. Қазіргі кезеңде мектептегі бастауыш сыныптар үшін «Қазақстан» деген бөлігін пайдаланған өте тиімді болар еді. Сондай-ақ 1929 жылы жазушы белгілі әңгімесі «Көксеректі» осы Ташкент қаласында жазып, «Жаңа әдебиет» журналында бастырған. 24 қараша 1930 жылы аспирант Әуезов пен Кемеңгеров САГУ-дің № 232 бұйрығы бойынша аспирантурадан шығарылып, қамауға алынады. Жас аспирантқа тағылған айып оның ұшқыр ойлы арманына, мақсатына тұсау болды.

Мұхтар Әуезов «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында «Халық әдебиеті туралы» атты мақаласындағы пікірін толықтыра түседі. Семей губаткомының газеті «Қазақ тілін» 1925 жылғы сәуірдегі қырықыншы санындағы бұл мақаласы соңында автор аты-жөнін жазбай «Кирпедтехникум» деп жазған екен. Мақаланы кирилл әріпіне түсіріп, баспаға қайта жариялаған ғалым Қ.Мұхамедханов ««Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген мақаланы 1965 жылы оқып, танысқан едім. Сонда осы мақаланы жазған адам Мұхтар Әуезов екендігіне ешбір күмәнім болған жоқ» деп, Әуезовтің жазу стилін танып, оның 1925 жылы Кирпедтехникумда қызмет етіп, әдебиет үлгілерін жинаумен айналысқан тарихи негізді басшылыққа алады. Әуезов «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында: Шаң басып жатқан ескілікті жинап, басын құрып, көпшіліктің мүлкі қылып беру, жалғыз ғана әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптасып, нығайып, өзіне біткен көркі мен күшін жинау үшін керек деп, әдебиет үлгілерін жинаудың маңыздылығын айтады. Бұл іс бір-ақ беттегі адамдардың міндеті емес, оқи біліп, жаза білген бар қазақ баласының міндеті. Бұл жолда ең алдыңғы тілекті ел ішінде ескі сөзді білетін кәрі құлақтарға айтамыз дей келе, Кирпедтехникумның 100 шәкіртіне ауыз әдебиеті үлгілерін жинау жөніндегі нұсқау берілгенінен құлағдар еткен. Ел ішінде кең тарап, көп айтылатын батырлар жыры, ақындар айтысы, шешендік сөздер, тарихи өлеңдер, әр рудың шежіресі, хандық дәуірді белгілейтін әңгімелерді, яғни әдеби-тарихи маңызы бар ұлттық құндылықтарды жинауды ұсынады. Жазушы мұндай ұсыныс-пікір жариялап, құрғақ сөзбен ғана шектелмейді, іргелі істің басы-қасында жүріп, ауыл арасында жиналған үлгілерді сұрыптай, таңдай отыра араға ұзақ уақыт салмай «Әдебиет тарихы» атты көлемді де құнды еңбек жазады.

Жазушы өзіндік ой түйіндеулерін, пікір, көзқарас, кеңестерін «Халық әдебиеті туралы» (1924), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922), «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» (1925) сынды мақалаларында білдіріп, өзі редакциясында қызмет еткен.

«Таң» журналында ел арасынан жиналған ертегі, аңыздар жөнінде, ескілікте тарихта болып, аты аңызға айналып кеткен ұлттық батырлар, сал-серілер, бақсылар, ақын-жыраулар жөніндегі құнды деректерді жариялап отырды. Бұл жүйелі зерттеуі, фольклорлық нұсқауларды жинаудағы ерен еңбегі «Әдебиет тарихы» (1927) атты еңбегінде тұжырымдалды. «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» – деген атпен жарияланған мақаланың астына Семей техникумы – деп қол қойылған. М. Әуезовтің сыпайы мінез білдіріп әрбір кісінің пікірі болмасын деп әдейі Семей техникумы атынан жариялаған. М. Әуезовтің бұл еңбегі бүгін Тәуелсіз Қазақстан болған кезімізде өз ұлттық әдебиет, тарихи мұраларымызды түгендеу үшін өте маңызды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев еліміздегі мұра ескіліктерін жинауға ерекше көңіл бөліп отыр. Сондықтан М. Әуезовтің «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» мақаласы бүгін де үлкен құнды маңызға ие. Ол фольклор саласында ұшан-теңіз еңбек етті, қазақ фольклористикасы ғылымының нығайып, бекуіне орасан зор үлес қосты. Әдебиетші-ғалым Ә. Молдаханов М.О. Әуезовтің ұзақ жылғы жемісті әдеби-ғылыми мұрасына зер салып, көңіл бөлетін болсақ, оның екі үлкен арнасы зерттеушілердің назарын ерекше аударады. Біріншісі – абайтанушылығы, екіншісі – фольклортанушылығы деуі ұлы тұлғаның фольклор саласындағы ерен еңбегін тиісінше бағалаудан туындаған. М. Әуезовтің ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыруы, толымды ғылыми зерттеу жүргізуі, қызғыштай қорып, қамқорлық жасауы – халық игілігі үшін жасалған ерен еңбегінің бір көрінісі. М. Әуезовтің ауыз әдебиеті саласындағы еңбегі баспасөз бетіндегі мақалалар мен «Әдебиет тарихы» атты еңбегімен шектелген жоқ.

Әдебиеттер

1. М. Әуезов. Шығ. 50 томдық толық жинағы. 3-том. А., Ғылым. – 2018.
2. М.О. Әуезов өмірі мен шығармашылық шежіресі. А., Ғылым. – 2017.
3. Мұхтар Әуезов әлемі. А., Жазушы. – 1997.
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2020. – Б. 206-528.
5. Сүйіншәлиев Х. Мұхтар Омарханұлы Әуезов. – А., 2010. – Б. 22-32.

6. Сыздықов К. Мұхтаранудың беймәлім беттері. – А., Қаз, 2017. – Б. 16-224.
7. Әуезов М. Шығ. 50 том. толық жинағы. 1 т. – А: Ғылым, 2017. – Б. 152-472.
8. Сыздықов К. Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы. – А: Ғылым, 2018. – Б. 56-143.
9. М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. – А: Ғылым, 2017. – Б. 349-768.
10. Сұлтанбеков М. Жас Мұхтар Семейде. // Семей таңы –2017. – № 25. – б.
11. Молдаханов Ә. Мұхтар Әуезов – фольклортанушы. – А: Ғылым, 2018. – Б. 425-430.

Әділқызы Диляра

Семей қ. Прииртышский ауылы «Б. Исадилов атындағы ЖОББМ» КММ
Ғылыми жетекшісі – **Ибраев Н.Б.**

Т. ӘБДІКӘКІМҰЛЫНЫҢ «СЕНІ СҮЮ» ӨЛЕҢІ

Тыныштықбек Әбдікәкімұлының – қазақтың аяулы ақыны, «Ақшам хаттары», «Рауан», «Қас Сақ Аңқымасы», «Бесінші маусым жұпары» кітаптардың авторы. Ақын туралы кезінде классик жазушы Әбіш Кекілбайұлы өзінің «Күн тұтылған бір әлем жүрер іште» атты көлемді мақаласында: «Бұл – менің бұрын-соңды көрмеген де, естімеген де қаламгерім. Өлеңдері көзіме, дәлірек айтсам, көңіліме оттай басылды. Ойыма қай-қайдағы оралды. Көз алдыма нелер келіп, нелер кетпеді?.. Басқасын қойғанда, ырғағымен, әуезі, көз тастасы мен сөз саптасының өзі талай-талай жайттарды жадыма салды», – деп өз бағасын берген. Тыныштықбек Әбдікәкімұлының "Ақшам хаттары" жинағына енген «Сені сүйю» өлеңін «Жас әдебиетші» қосымша сабағында талықладық.

«Сені сүйю» өлеңі автор поэзиясына тән сәулелі мұнды интонациямен басталады. Ақынның әр жылдары жазған махаббат лирикасында «ділінің әрбір лүпілі» қоңыр бояулы мұңға ұласады. Элегия жанрындағы өлеңнің соңғы шумағынан ақынның ойсыз, махаббатсыз бос тірлікті қабылдай алмайтынын көреміз.

Бұл өлеңде нақты сюжеттік желі жоқ, тұнық лирика бар. Ақынның лирикалық кейіпкері өз атынан ғашығын аңсап күтетінін «Уысына үміттің уыз төгіп фани Күн» деген өлең жолдарымен жырлап, жырақтағы сүйгенімен қосыла алмай «азадан ада әлемге көшеді». Өлеңнің әрбір жолдарында кейіптеу тәсілі арқылы «Мендік нәзік сезімге, қанаты ыстық тіл басып, жымиуың маған мың әулиемен ымдасу» таза, мөлдір сезімін түрлі қанық бояумен әрлендіре түсіп, әйел мен еркек арасындағы қарым – қатынастың нәзік табиғатын суреттейді.

Сенсіз қалсам, дүрлікпе пендешілік тірлікке... сыймас, іште құдайы күбірлеген – бұл басым.

Қайталанып келетін «Сені сүйю» сөз тіркесі өлеңнің өн бойына жалғасатын лейтмотиві іспеттес. Автор қолданған сөз өнерінің көркемдеуіш құралдары лирикалық кейіпкердің тұнық мұңын әрлендіре түседі. Өлеңде «түнге қалам матырдым», «сәулесіне бөленем» сөз қолданыстары қайталанып келіп ақынның поэтикалық ойын нақтылай түспек.

Бұл шығармада «сен» деген қаратпа сөз бар, өлеңде қолданылған бұл тәсіл өлеңді ақынның ғашығына романтикалық жолдауы деген ойға жетелейді. Қақ жарылып қара ұйқым, ақтарылып ақ Өлең – автор бұл жолдарда инверсия тәсілін қолданады.

Ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Сені сүйю» өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің ғашығымен сырласуында элегиялық мұң байқалады. Өлеңде ғашығынан хат күткен кейіпкердің сезімі түрлі метафора, эпитет, кейіптеулермен көркемделіп беріледі. «Сені сүйю – әлемге маңдайдан нұр тарату», метафоралық қолданыс арқылы ақын сүйю деген сөздің мағынасын ашады. «Самайымның тұсынан аққан күнді санадым» немесе «Қаламымның ұшында ауылымның оты бар» өлең жолдарындағы кейіптеу ақын ойының шыншылдығы мен әсемдігіне назар аудартады. Абайдың «Мен не болсам болайын сен аман бол» өлең жолындағы ой Тыныштықбек ақында «Азап болса, әрдайым, мен сен үшін тартайын» деп жалғасқан.

Қазақ әдебиетіне өзгеше үнімен, бөлекше дүниетанымымен келген ақынның поэзиясы түбегейлі зерттеуді қажет қылады. «Ақшам хаттары» жыр жинағындағы өлеңдерге талдау жасалып, мектеп оқушыларының назарына ұсынылуы тиіс. Тыныштықбек Әбдікәкімұлының махаббат лирикасы өскелең ұрпақты таза, нәзік махаббат сезімін қастерлеуге баулып, эстетикалық талғамдарының жетілуіне ықпалын тигізеді. Тылсым дүние кілтін іздеген жас оқырман үшін ақынның шығармашылығы баға жетпес қазына болып табылады.

Төлеутай Перизат

«Т. Хасенұлы атындағы орта мектебі» КММ

Ғылыми жетекшісі – **Жармагамбетова Г.К.**, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ТҰРЛЫҚАН ҚАСЕНҰЛЫ «ҚАЙТПАС ҚАЙСАР ҚАЗАҚПЫН» (ТҰРЛЫҚАН ҚАСЕНҰЛЫНЫҢ АЛАШТЫҚ ИДЕЯСЫ)

Қазақ сөз өнері ұлттық құндылықтардың арналы саласы болса, оның ішінен поэзия, яғни ақындық өнер өзгеше өрелі өнер ретінде қабылданғаны бүгінгі таңда ғылымда дәлелденген. Ақын тұлғасының шығармашалық қасиеттерінің бірін бойына дарытқан бірегей тұлғаның бірі – ақыны Тұрлықан Қасенұлы. Ол – өзінің өткір де отты, мазмұнды да көркем өлең – жырлары, толғау – дастандарымен, әндерімен соңына мол мұра қалдырған өнер иесі. Ақынның туындылары жөнінде пікірлер ертеректе айтылып, әр кезде мерзімді баспасөзде өлеңдері басылып, халық аузында жүргенімен, арнайы зерттеу объектісі болған емес. Мәселен, 1932 жылы Сәкен Сейфуллиннің алғысөзімен Тұрлықан ақынның «Пышақтың қырындай» кітабы шыққан. Зерттеуші ғалымдарымыз Қазақстан жазушыларының 1937-1946 жылдар аралығындағы архивін НКВД жойып жіберді дейді. Десек те, 1997 жылы Мәрзия Айтбайқызы, Қыдырбек Рысбекұлы «Тұрлықан ақын» кітабында Тұрлықанның ел аузындағы, мұрағаттардағы туындыларын бастырды. Тұрлықан жайынды алғаш пікір білдірушілер С. Сейфуллин, М. Әуезов пен Қайым Мұхаметханов болды. Халық ақындарының шығармашылығына, әншілік өнеріне арналған ғылыми еңбектерде Т. Қасенұлының әдеби мұрасы да назардан тыс қалмады.

Т. Қасенұлы дарынды ақын ғана емес, өз заманында алаш жұртының сауатын ашуға өрелі үлес қосқан ұстаз. Текті атаның ұрпағы 7-8 жасынан зеректік танытып, ауыл молдасынан сабақ алады. Сол жылдары Қандығатай болысына (қазіргі Жарма ауданының Қапанбұлақ, Егінбұлақ, Жарма, Қызылағаш елді мекендері орналасқан өңір) бала оқытуға келген Әубәкір Нұғманов деген мұғалімнен бастауыш сынып көлемінде білім алады да 1918-1920 жылдары Семейдегі бір жылдық мұғалімдер курсы бітіреді. Содан кейін туған ауылына оралып, жаппай сауатсыздықты жоюды қолға алған ол партия саясатын іс жүзінде асыруға белсене қатысады. Сауат ашу мектептерін ұйымдастырып, онда өзі сабақ береді. Тұрлықан Қасенұлының сол жылдары ашқан «Ақжар мектебі» (қазіргі Қапанбұлақ ауылы) бұл күнде «Тұрлықан Хасенұлы атындағы орта мектебі», – деп аталады.

Белгілі Абайтанушы, әдебиетші – ғалым, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Қайым Мұхамедқанұлымен де тығыз байланыста болғанын аңғаруға болады. Ол Тұрлықан Қасенұлы туралы «Менің ұстазым» атты естелігінде бөліскен еді. Онда былай делінген: «Мен бесінші классқа оқуға түстім, мектеп директоры Тұрлықан Қасенұлы. Ол нағыз өнегелі ұстаз еді. Менің келешекте қолына қалам алып, әдебиет жолына түсуіме игі әсер еткен көп тағылым алған, алғашқы ұстазым Тұрлықан ағамыз болды. Одан екі жыл сабақ алдым, сол екі жыл бір үйде тұрдық» дейді. Тұрлықан ақын Семей қаласынан ауысып, Көкпекті оқу бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалады. Еңбек жолымен бірге Тұрлықан ақынның кесек туындылары жарық көре бастайды. Осы кезеңде Шығыс Қазақстан облыстық жазушылар одағына келе салып, қабілетті ұйымдастырушы, қайраткер Тұрлықан облыстағы ақын-жазушылардың басын қосып олардың күшімен әдеби журнал шығару мәселесін қолға алады. Нәтижесінде “Еңбек” атты журнал шыға бастайды. Облыстық жазушылар ұйымын Тұрлықан басқарып тұрған жылдары Қазақстан Орталық Партия Комитетінің бірінші хатшысы Мерзоян болатын. Осы қазақ зиялыларын қуғындау күшейіп Әуезов, Кемеңгеров, Жұмабаевтар ұлтшыл ретінде сотталып, алды Сібірде айдауда еді. Бұл науқан Тұрлықанды да айналып өткен жоқ.

Қырық жылға жуық ғұмырында ақын ел басындағы, халық өміріндегі күрделі оқиғалардың, ұлы өзгерістердің куәсі болып, өз жырларын өзек етті. Оның көптеген шығармалары бізге толық жеткен жоқ. Ал жеткендеріне назар аударсақ, ақынның кер заманның келеңсіз тұстарын жыр етіп, халқының әлеуметтік жағдайын өткір көтергенін аңғарамыз. Бүгінгі күн биігінен қарағанда көркемдік қуаты айтарлықтай болғанымен, біршама өлеңдері идеялық тұрғыдан социалистік реализм аясында жазылғаны байқалады. Бірақ ол сол кезеңге сай басты бағыт, айнымас ағым еді.

Тұрлықандай ұстаз-ақынның шығармашылығы мен еңбек жолы өткен ғасырдың күрделі де, қиын кезеңдермен біте қайнасып бірге өтсе де, әр уақ өз жұртының жоғын жоқатап, мұңын мұңдаған шабытты ақын болудан тынбады. Сондықтан оның туындыларының қайнар бұлақ көзі – өз халқының өмірі, заман үні, дәуір тынысы.

Әдебиеттер

1. Мұхаметханұлы Қ. «Тұрлықан ақын».
2. Қуандықов Е. «Негізі бар жоғалмас».
3. Еспенбетов А.С. «Тұрлықан Қасенұлы – ақын, ағартушы, қайраткер» – 2002 жыл.

Нұрланұлы Еркебұлан

Семей қ. «Электротехника колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі – Сулейменова А.К., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНА ЗАМАНАУИ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Зерттеу жұмысының мақсаты: Абай шығармаларын оқудағы заманауи жас ұрпақтың көзқарасын анықтау.

Абай атамыздың мұрасын тану – қазіргі заманда жалпы жас ұрпақтың міндеті. Әрбір адамның бұл дүниеге деген көзқарасы әртүрлі, олар бірдей бола бермейді. Абайдың қай өлеңін, қай қара сөзін алсаң да, ол бізді үнемі адамгершілікке, бес асыл қасиеттерге, тек өзіңді ғана ойламауға үйретеді. Ол бұл шығармаларын тек өзінің заманындағы жастарға емес, біздің заманымыздағы жастарға шейін жазған. Қазіргі заман сағат сайын өзгеруде. Ал Абай атамыз өз заманынан алға шығып кеткен ұлы адам. Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерді егу, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде: *«Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз...»* – деп, айқындап берді. Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын бес нәрсе не?» деген сұраққа кемеңгер тұлға: *«Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой- Бес асыл іс көнсеңіз...»*-деп, кесімді, тұжырымды жауап берді.

Сауалнама нәтижесі бойынша жастар осы оймен толығымен келіседі, бірақ қазіргі жастардың оқуға, білім алуға көзқарасы мүлдем басқа. Қазіргі жастар көбінесе талап, еңбек туралы ойларын екінші орынға қойып, оңай жолын іздейді, біреулері тым тез есейгісі келеді, біреулері өздерін әлі жас санайды. Сондықтан мақсатына жетуге деген талпыныс жоқ, жауапкершілік жоқ, тек ғана тез жететін амалын қарастырады. Заманауи жастардың тәрбиесі жоқ деуге келмейді, оларға отбасы, мектебі қаншалықты тәрбие нәрін сіндірсе де, қоршаған ортаның әсері басым боп тұр.

«Жамандық көрсең нефрәтлі, Суытып көңіл тыйсаңыз,

Жақсылық көрсең гибрәтлі, Оны ойға жисаңыз...» – деген жолдарға да жастардың көзқарасының басқадай екенін аңғаруға болады. Әрдайым екі түрлі көзқарас жүретінін анықтадық. Жағымды жағы: жамандықтан аулақ болу, жақсылықты түсіну, білімнің жақсылыққа әкелетіндігі, білім арқылы болашақта жетістікке жететіні. Керісінше «жамандықты» жақсымен алмастырып, «жақсылықты» жамандықпен алмастырып жүргенін де байқадық. Жаман қылықты біле тұра, одан қашпайды, біреудің жасаған ерсі қылығын қайталауы да мүмкін. Тіпті ерсі қылықты жасағаны үшін өкінбейді де, ал керісінше жақсылықты жасауға ұялып, басқалардан ерекшеленгісі келмейді. Жасаған қылығы маңызды емес, жанындағы адамдардың ойы маңызды.

«Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын көз...»-деген өлең жолдары қазіргі жас өспірімдерге сын.

«Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге» – деген жолдар өте өзекті. Жастардың көпшілігі пайдасы тисе болды керек қылып, ар-ұятты ойына да алмайды, пайдасы дәп сол сәтте болмаса, керек етпейді және білімін толықтыру үшін өз ойымен айтуға, жазуға мүлде талпынбай, өтірік сылтау айтып, ерініп тырыспайды. Бес саусақ бірдей емес дегендей, барлық жастарға топырақ шашпаймын, сауалнаманың нәтижесінде оң көзқарастағы жастарды да байқадық:

- Көп оқып, көп білгенім артық, жалқауланған дұрыс емес;
- Өз еңбегіммен тапқан ақша қайырлы болады;
- Еңбектеніп алдыға қойған мақсатымызға жете аламыз.

Қорытындылай келе, Абайдың қай өлеңін, қай қара сөзін алсақ та, астарлы ойы мен идеясынан адамгершілікке тән асыл қасиеттерді бойына дарыта алмаған ел-жұртын сынағанда оны жек көру тұрғысынан емес, керісінше адами рухты сіңіріп өсу керек деген ойды аңғартады. Заманауи көзқараспен Абай атамиздың өлең жолдарын оқи отырып, қазіргі жастардың бойынан табылған жағымсыз қасиеттерді сынағанын, әрі дұрыс жолды нұсқағанын көрдік. Сыни көзқарасты жастар дұрыс түсіну керек. Заманауи жастарымыз, яғни біз өмірге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуіміз керек. Жастардың көзқарасы өзгеру үшін қоғам да өзгеру керек.

Жалпы айтқанда, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсару керек, мемлекет тарапынан да қолдау керек. Біздің өміріміз бір-бірімен тығыз байланысты.

Әдебиеттер

1. <https://infourok.ru/tairibi-abay-mrasini-tanimdi-tailimdi-mni-688115.html>
2. Абай. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра. – 2020.

Байрахметов Абай

Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің
«Қалалық көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ғылыми жетекшісі – **Канапьянова А.А.**, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ә. КЕКІЛБАЕВ ДАСТАНЫНДАҒЫ АБЫЛАЙДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ

Абылай ұстанымы халқын тірісінде ғана емес, қазірдің өзінде елін ортақ бір арнаға тоғыстыра алатын тұлға деген ойдамын. Хан бұл қасиетінің сыры оның көшбасшылығында болар. Біз өмір сүретін қоғамда табысты болу үшін де көшбасшылық дағды қажет болары анық, оған біздің мектебіміздің «Ұлттық құндылықтарға негізделген көшбасшыны тәрбиелеу» атты миссиясы да дәлел. Абылай бейнесін біздің буын үшін тренд болып саналатын көшбасшылықпен байланысты қарастыру және көркем шығарма арқылы Абылай көшбасшылығының сырын ашу жұмыстың өзектілігін құрайды.

Қазақтай кең даланы иеленіп отырған, жан жағындағы алып көршілерімен бейбіт келісім жүргізіп отырған елдің көшбасшылық туралы өзіндік қалыптасқан дүниетанымы бар. «Көш басышысы жоқ ел оңбайды, Құралай бастаған киік оңбайды», «Көшуден бұрын керуен басыңды сайла», «Қолбасы білікті болса, сарбазы азбайды», «Көргені жақсы көш бастар» деген үлгідегі сөз жауһарлары тілімізде өте көп. Осы нақылдарды саралай келіп, қазақ қоғамындағы көшбасшылық халықтың өмір сүру салтымен байланысты болғанын көруге болады.

Абылай көшбасшылығы туралы сөз қозғамас бұрын Әбіш Кекілбаевтың өз сұхбатына назар аударған жөн. «Мен Абылай тақырыбына үлкен тарихи тапсырыспен бардым. Себебі еліміз Тәуелсіздік алған кезде басына қонған сол бақтың – Тәуелсіздіктің мән-мағынасын түсінуі қажет болды. Сондықтан да мұны қай жанрда жазған жөн, Абылай туралы қандай материалдарды қозғаған дұрыс деген тақырыпта көп ойландым. Ақырында халықтық драма жанрында жаздым. Мен үшін Абылай тақырыбы көптен ойымда жүрген, айтылуға тиіс тақырып болатын» [4].

Дастанның басталуының өзінен қазақ халқына елді бейбіт өмірге жетелейтін тұлғаның қажеттілігін көруге болады. Абылай болмас бұрын Әбілмансұр ретінде ол өмірлік тәжірибе жинақтайды, күнделікті күйбең тірлікпен жүріп, көптің ішінде жұтылып кетпейді, өзінің тектілігін сақтап қалады және өзін үлкен іске іштей дайындап жүреді. Жас батыр болса, сөздің емес, істің адамы екендігін дәлел деп, Шарышты жеңіп, «Абылай» деп ұрандап, қолбастап кетеді. Көп жылдар бойы ішінде сақтап жүрген тегін көпшілікке жария етеді. Бұл жерде біз Абылай бойындағы көшбасшылықтың өршілдік сипатын көреміз. Көрнекі нәрсеге қол жеткізу және өз әлеуетінің дамуын іске асыру ұмтылысы. Көшбасшы алдына биік мақсаттар қойып, соған қол жеткізуге тырысады [6].

Дастанның «Арбасу» деген бөлімінде Әбілмансұрдың зынданда жатқан кезін суреттейді. Қалдан Сереннің тас зынданында жатқанда да ол өзінің асыл жаратылған табиғатынан айнымайды, намысына тырысады. Хан қызы Топыш сұлу берген бостандықты да қабылдамайды. «Ел жолында еркек тоқтымын, Құрбандыққа шалам басымды» деп ел мүддесін биік қояды. Бұл жерде Абылайдың табандылығы танылады. Көшбасшы шешім қабылдай біледі. Ол жағдайды тез бағалайды және ұйымға не топқа пайда әкелетін шешімді қабылдай алады. Жетістікке жетелейтін мүмкіндіктерді жіберіп алмауға тырысады.

Менің замандастарым қазіргі кезде шет елдік бизнесмендердің Илон Маск, Цукерберг, Стив Джобсты көшбасшы ретінде тез мойындайды және солардың қанатты сөздерін жиі тұтынады. Оларды көшбасшылықтың үлгісі ретінде ұстанады. Біз Ә.Кекілбаевтың шығармалары арқылы қазақтың көрнекті тұлғасын басқаша тану мүмкіндіктерін ашуға болатынына көз жеткіздік. Мен және менің замандастарым үшін шығарманы мазмұнын білу үшін ғана оқу қызықты бола бермейді, ал өмірмен байланыста мақсат қоя отырып оқу кімді де болса қызықтыратыны анық. Мұндай мазмұнды дастанды жазу білімді де білікті маман, елін сүйетін азаматтың ғана қолынан келетініне көз жеткіздік, шығармасы бізді де жаңа ұмтылыстарға қанаттандырады. Абылай туралы тарихтан білгенімізді Ә. Кекілбаев сияқты біртуар тұлғаның көрген білгені, оқыған-түйгені нәтижесінде жазылған туындымен де толықтыру керек деп ойлаймын. Санамызды жаңғырту мақсатында өткізіліп жатқан Әбіш оқулары Абылай тұлғасын, оның заманын жаңаша саралауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1. Абылай хан-300: 04 қазан 2013, 13:05 - жаңалықтар Alashainasy.kz
2. КӨШБАСШЫ ТҰЛҒАСЫНА ТӘН САПАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕР — ULAGAT

Слям Айзат

Семей қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Ғылыми жетекшісі – **Манабаева А.Б.**, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ МИФТІК ТАНЫМ

Миф – дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың ғажайып образдарының жүйесі.

Миф – бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір – бірінен ажыратылмаған сатысы. Бір кездері адамдар үшін жоғары деңгейдегі шындық болған және олар сенген Миф уақыт өте келе бұл әлеуметтік функцияны жоғалтты. Адамдар мифке сенуді тоқтатты және ол ертегіге айналды. Ертегі мен мифтің генетикалық байланысын к.Леви Строс өзінің "Құрылымдық антропология" атты еңбегінде атап өтеді. Ертегі, оның пікірінше, ескі миф. Ертегі баяндау жанры ретінде мифологиялық сипатқа ие. Ежелгі уақытта пайда болған Ертегілер әлемнің үйлесімді бейнесін ашады, барлығын – Аспан мен жерді, адам мен табиғатты, өмір мен өлімді жеткізеді.

Біздің қазақ фольклоры тұрғысынан қарағанда миф деп отырғанымыз – әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипаты оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен өкстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар. Қазақ ертегілерін қарастыру кезінде қиялғажайып ертегілерден мифтік танымдарды байқауға болады.

Мифтік дәуірінде адам өзінің әр түрлі жанды- жансыз нәрсенің кейпіне кіріп, өзгеріп кететіндігіне кәміл сенген...

Бұл дәуірде адам өзін өзі бірде аспандағы аққу кейіпінде, бірде жортып жүрген жолбарыс кейіпіне ауыса алады деп сенген.

Мифтің міндетті түрде себеп-салдарлы болады. Қандай да болсын құбылушылықтың, яғни өзгерістің себебі бар. Мифтердегі құбылушылық үш түрлі себепке байланысты болып келеді.

- Соның ең көнесі – адам өз-өзінің, өз еркімен басқа кейіпке түсуі. Ол көбіне-көп не бір қатерден қашып, бұл түрі мифтік сананың бастапқы кезінде орын тепкен адам өзі мен табиғатты бөлмей, дараламай, екеуі бір дүние деген түсінікке негізделген.
- Одан кейін себепсалдарлы. Шаршап кетіп, байқаусызда, ерісіз түрде басқа кейіпке айналу. Мыс: тасқа
- Тағы бір мифтік құбылушылықеріксіз түрде басқа кейіпке айналу. Яғни, қарғыс ретінде.
- Батырлық мифтер-мифологиялық кейіпкердің өмірбаяны төңірегінде құрылған мифтер.
- Батырдың керемет туылуы, үлкен туыстардың немесе дұшпандық жындардың сынақтары, құбыжықтармен күресу және басқа да ерліктер, кейіпкердің өлімі болуы мүмкін.
- Батырлық мифтегі өмірбаяндық принципті космогониялық мифтегі ғарыштық принциппен салыстыруға болады. Батырлық мифте хаостың реттелуі ғарыш тәртібін одан әрі өз бетінше қолдай алатын кейіпкердің жеке басының қалыптасуына жатады. Бастаманың көрінісі-кейіпкердің өз

қоғамынан міндетті түрде кетуі немесе шығарылуы және басқа әлемдерге саяхат жасауы, онда ол көмекші рухтарды алады және жын-перілердің қарсыластарын жеңеді, онда кейде уақытша өлімнен өтуге тура келеді (құбыжықтың жұтуы және түкіруі; өлім мен қайта тірілудің бастамашыл нышандар) [3].

Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік Жаһанда үш түрлі әлем бар деген сенім тудырған. Ш. Уәлиханов мұндай сенімнің қазақта да бар екенін айтқан: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағына тартады, біз ортада, жер бетінде тұрмыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал жер астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, оларды өздерінің күні мен айы, жұлдызы бар».

Мифтің міндетті түрде себеп-салдары болады. Қандай да болсын құбылушылықтың, яғни өзгерістің себебі бар.

Қыз келе жатқан ханды қасқыр, уәзірлерді түлкі қылып жібереді. Бұл әр ертегіде орын алатын жағдай, яғни жамандық әрқашан жеңіліп, өз сыбағасын алады. Ал жақсылық өз мұрам-мақсатына жетеді де, байлық пен бақытқа кенеледі.

«Кендебай көзін ашып жіберсе, үлкен дарияның ортасындағы аралға келіп түскен екен. Аралда алтын құйрықты сегіз құлын, құйрығы жоқ бір құлын алтын науадан су ішіп тұр екен» [1].

Осы жолдардан біз автордың тоғыз құлын дегені тоғыз планетаға, алтын науа Күн екендігін байқай аламыз. Тоғызыншы құлынды жекелеп, құйрығы жоқ деп айтқаныны, жақында планеталар қатарынан, көлеміне байланысты шығып қалған Нептун еді. Бұл біздің ата-бабамыздың ерте заманнан астрономиямен айналысуының, қатты дамыған күйде білмесе де хабары бар екенін байқай аламыз.

«Ертөстік» ертегісінде жаңа атап өткен үш түрлі әлем туралы миф кездеседі. Яғни, адамдардың сол кездегі түсінігі бойынша жердің астанда адамдар өмір сүреді, жердің ортасында өзіміз және жердің үстінде де әлем бар.

Осылардың барлығын байланыстырушы Бәйтерек болып табылады. Көп ертегілерде ол құтқарушы мифтік таным болады. Мысалы, «Алтын сақа» ертегісіндегі баланың аман қалуы оның Бәйтерекке дер кезде шығуымен байланысты болды.

Сонымен қатар, қазақ ертегілерінде көбінде басты кейіпкерді құтқарушылар қасиетті құстар, жануарлар және т.б. болады.

Мысалы, сөйлейтін жануарлар оның ішінде қарлығаш, жылқы немесе тұлпар және т.б.

«Ертөстік» ертегісінің тағы бір ерекшелігі: айдаһар мен жыланның арасындағы айырмашылық. Айдаһар жақсылықты жоюшы, самұрықтың балапандарын өлтіруге тырысты, яғни жақсылыққа қарсы болды. Ал Жер астындағы Бапы ханның образы және оның жыландар патшалығы адамдардың Жер асты адамдарымен қарымқатынасының жақсылығын көрсетеді.

Мифтанушы ғалым Сейіт Қасқабасовтың айтуына қарағанда: «Аңыздар тобына кіретін жанрлардың басты ерекшелігі – олардың көркемдік жағынан қарапайымдылығы мен тыңдаушыларды барынша иландыратындығында. Бұл – біріншіден. Екіншіден, аңыздық проза жанрларының бас нысаны – гибрат, білім беру, яғни олар танымдық қызмет атқарады», - дейді.

Мифологиялық сана дегеніміз, бірінші кезекте ғаламда пайда болған адамның алғашқы ұғымдары. Екіншіден, мифте «алғашқы адам» табиғи құбылыстар мен тіршілік арасындағы айырмашылықты көрмейді және танымайды, ол оларды анықтайды (жануар мен адам арасындағы). Яғни мифтегі қарабайыр адам антропоморфизирлейді, қоршаған табиғатты ізгілендіреді, қоғамдық тәртіп орнатады. Нәтижесінде табиғи құбылыстарға жан бітіді, әлеуметтік және жеке байланыстар мен қатынастар байланысқа түседі. Осылайша, мифологиялық ойлау жүйесі синкретті болып табылады, яғни ол әлемнің материалдық және идеалды жақтарын бөліп қарастырады [2].

Қазақ ертегілеріндегі мифтік таным мыналарды мақсат етті:

- Ертегілердегі мифтік таным арқылы адамдар ғылымға қызықты: оны зерттей бастады, аспан әлемін, адам өмірін және т.б.
- Басқа кейіпке ену арқылы жамандық жасамай, тек жақсылық жасауға шақырды

Әдебиеттер

1. <https://bilim-all.kz/article/173>
2. https://adebiportal.kz/kz/news/view/mifologizm-tabigaty__23811
3. С Қасқабасов Таңдамалы, 2-том, Астана – 2014ж.

Қоңыртаева Толғанай, Тоқтасын Қарақат
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 ЖОББМ» КММ
Ғылыми жетекшілері – **Қасымқызы Ж., Мырзабекова Ж.Ж.**,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕР

Тарихтың сан ғасырлық сүрлеуінен өтіп, бүгінгі әлемдік деңгейде дербес мемлекеттік тұлғасымен танылып отырған қазақ елінің әдеби, мәдени құндылықтары – уақыт өткен сайын рухани әлемде із қалдырған айтулы мұралармен толыға түсетін баға жетпес қазына. Манаш Қозыбаев: «Әбіш Кекілбаев ХХ ғасырдағы қазақ қауымының, түркі әлемінің заңғар жазушысы, кешегі Мұхтар, Сәбит, Ғабит сияқты алдыңғы толқын ағаларымыздың мұрагерлерінің бірі, бұл күнгі қазақ әдебиетінің туын ұстаушылардың бірі, бірі болса бірегейі» демектей, Әбіш Кекілбаев шығармалары бүгінгі жас ұрпақ үшін асыл қазына. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы даналық ойлар заманның өшпес мұрасы.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Әбіш Кекілбаевтың сөз қолданысын үлгі ете отырып, шығармаларын насихаттау.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері: Әлеуметтік сауалнама арқылы Әбіш нақыл сөздерін анықтау; Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы даналық сөздерді табу, мағынасын ашу; Көпшілікті таныстыру негізінде зерттеу нәтижелерін беру. Зерттеу жұмысының өзектілігі: Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы даналық сөздердің мән-мағынасын, негізгі идеясын, тәрбиелік мәнін ашу. Даналық сөздерінің мағынасына терең бойлап, практикалық қолданыста көркеюіне үлес қосу.

Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Әбіш Кекілбаев Жазушы 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған. Арғы атасы Жанайұлы Қожаназар қазақтар көшін Маңғыстауға бастап келген. Белгілі, білікті, беделді, дәулетті адам болған. Тектінің ұрпағы тектілік танытпаса, айыбы, аманатқа қиянат жасағаны. Әбіштің әлемі сол текті бабаның көріп-білген дүниесін балаға аңыз бен ертегі, әңгіме ретінде жеткізгенінен пайда болды. Әбіш әлемі – өзіндік бір пәлсапалық, дүниетанымға толы әлем.

Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы нақыл сөздер-әр халықтың көне рухани қазынасы. Ол өз бастауын адам баласының тым ертедегі саналық қоғам құрған балаң кезінен алып, ғасырлар бойы иеленіп, ерекшеленіп, сұрыпталып толассыз толығып келе жатқан жанды құбылыс. Әбіш Кекілбаевтың жоғарыдағы кейбір шығармаларындағы кездесетін нақыл сөздерге тоқтала кетейік: «Аңыздың ақыры» романында кездесетін авторлық даналық сөздер: Басыңа қандай қиын іс түссе де, айла таптырмас тығырықтан қаш. Басыңа қандай қиын іс түссе де, айла таптырмас тығырықтан қаш-әйтеуір түбі бір сытылып шығар амалды алдын ала қарастырып қою керек [1].

«Ханша-дария хикаясы» шығармасындағы кездескен даналық сөздерге тоқталып өтейін: Ағын суға әйтеуір аққан мұрат болса, өмір шіркінге де әйтеуір өткен мұрат. Ағын суға әйтеуір аққан мұрат болса, өмір шіркінге де әйтеуір өткен мұрат – уақытпен ешкім таласа алмайды [2]. Үркер романындағы «Тығырық» бөлімінде кездескен нақыл сөздер: Өшпенділік елдің де, ердің де өркенін өсірмейді.

Өшпенділік елдің де, ердің де өркенін өсірмейді – кек сақтап, ренішті ұмытпай жүректе сақтап жүрсек, адамға деген ренішті санамыздан шығармай жүрсек, еліміз не болар еді? Әлемде тасжүректер көбейіп, дамымай артта қалушы едік қотатулы. Тәртіп пен әділдік жоқ жерде елдің де бағы ашылмайды, ердің де бағы ашылмайды. Тәртіп пен әділдік жоқ жерде елдің де бағы ашылмайды, ердің де бағы ашылмайды – мысалға ойына түскенін сарт еткізіп айта қалса, әділ бағаланбаса, еңбегі бағаланбаса елімізде нағыз бағы жанбағандар саны артар еді ғой. Сондықтан тәртіп пен әділдік жоғары тұруы керек. Ынтымақ жоқ жерде өшпенділік өршиді [3].

Жас буындарымызды мектеп табалдырығынан бастап, ұлттық – тәлім тәрбие беруде даналық сөздердің маңызы өте зор екендігіне көз жеткізе отырып мынандай тұжырымдарды ұсынамыз: Асыл қазыналық рухани мұраларды жаңаша түрде жаңғырту; Бұрынғы өткен бабаларымыздың мәдени – рухани мұрасындағы мол мұраны тәрбие көзі ретінде пайдалану және жастарымыздың бойына сіңіру; Мектеп бағдарламасына даналық сөздерді тәрбие құралы ретінде енгізу. Ұлттық асыл мұраны отбасынан бастап бала бойында қалыптастыру; Ұлттық тәрбие көздерін баспасөз құралдары арқылы насихаттау және жүзеге асыру.

Әдебиеттер

1. Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.6 Алтын шуақ кітабы
2. Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.1
3. Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.2

Қадышев Бактияр

Семей қаласындағы Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Ғылыми жетекшісі – Манабаева А.Б.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ЖӘНЕ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНР

Адамзаттың даму процесімен бірге дамып, жетіліп келе жатқан адамдардың қарым-қатынас әрекеттері тек ауызша ғана емес, жазбаша да заман талабына сай қарым-қатынас жолдары арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынас әрекеттерінің бірі – хат жазу дәстүрі. Хат жазу ертеден бүгінгі таңға дейін әлеуметтік жағынан алғанда мәдени және тарихи мәні зор жанрлардың, жазба тілдің ежелгі формаларының бірі болып табылады.

Ғалымдар хатты «Эпистолярлық стиль», «Эпистолярлық әдебиет», «Эпистолярлық жанр» деген түрлі атаулар кездеседі. Ал эпистолярия сөзі гректің «epistole», яғни «хат» деген сөзінен алынған. Сонда «Эпистолярлық» деген ұғым «хатқа тән»; «хат түрінде жазылған»; «хаттан тұратын» дегенмағынада жұмсалады [1].

Қазақ халқы ХХ ғасырдың басында саяси-әлеуметтік дамуға, ғылым мен жалпы мәдениеттегі әр алуан өнер білім саласындағы өз даму тарихының әр кезеңінде түрлі елдермен араласып, әр түрлі қарым-қатынас жасағаны белгілі. Бұл қарым-қатынас нәтижесінде қазақ тілінің сөздік құрамына бірқатар кірме сөздер, сондай-ақ орыс тілінің әсерінен де түрлі жаңа атаулар, ұғымдар, терминдер, терминдік сөз орамдары, аударма ыңғайында баламалар пайда болды. Атаған кезеңдегі эпистолярлық жазбалардың тілінде кірме сөздер кеңінен қолданылуы өріс алды.

Эпистолярлық әдебиет сол негізгі екі бағыт бойынша дамиды: «ашық хаттар» – памфлеттер және «новелла-хаттар», тұрмыстық хаттар мен сыр ашу хаттары.

Хаттың даму сатысына тікелей байланысты түрлеріне назар аударсақ, инициативтік хат сол кезеңдегі жеке хаттың үлгісі ретінде бірқатар жағдайлар мен себептермен айқындалады.

Хат түріндегі өлеңдерді Абай шығармашылығынан да кездестіреміз. «Жігіт сөзі» және «Қыз сөзі» өлеңдері эпистолярлық стиль үлгісінде жазылған. Аталған өлеңдердің құрылысы күрделі емес, жеңіл ұйқасқа құрылған. Мұнда көнерген сөздер мен араб-парсы сөздері жоқ, тілі түсінікті.

Эпистолярлық жанрлар (грек тілінен epistole – хат) – «белгілі бір ақпаратты жеткізу үшін адресатқа жіберілетін хаттар, ашық хаттар, жеделхаттар түріндегі» мәтіндерде бейнеленген әдебиеттің ерекше түрі [4].

Эпистолярлық стиль біздің өмірімізден кеткен жоқ. Ол әлі де сұранысқа ие, бірақ көбінесе басқа нысандарда көрінеді. Қазіргі уақытта қағазға хат жазу кез келген адам сирек кездеседі, тек қана іскерлік хаттар ерекше. Негізінде хат-хабар электронды түрде өтеді, SMS хабарламалар арқылы немесе Интернет арқылы беріледі.

Қазіргі оқушылардың эпистолярлық жанрды қолдану ерекшелігін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Ол Тимс жүйесінде онлайн және дәстүрлі үлгіде алынды

Сауалнамаға 7 және 12 сынып оқушыларынан 68 респондент қатысты, олардың ішінде 50-і 7 сынып оқушылары болса, 18 оқушы 12-сыныпта оқиды. Респонденттердің жыныстық құрамы – 38 қыз, 30 ұл.

Зерттеу тақырыбы эпистолярлық жанр болғандықтан, оқушыларға «Ақ қағазға хат жаздыңыз ба?» сұрағына «иә» деп 45 оқушы жауап берсе, қалғандары «жоқ» деп жауап берген. Бірақ бұл нәтижеге менің күмәнім бар, себебі қағазбен хат алмасу ХХ ғасырдың 90-жылдары тоқтаған деп ойлаймын, сол кезде менің ата-анам өзара не достарымен хат жазысқанын айтады. Ал ХХІ ғасырда менің сыныптастарымның қағазға хат жазуы екіталай, өйткені әлеуметтік желі хабар алмасу тез, 12-сынып оқушылары сезімдерін білдіру үшін, қағазға хат жазуы мүмкін деген ойдамын.

12. Көбінесе қандай эмоджилерді қолданасыз?

№	Аты	Жауап
3	Тосқын Табылғанова	❤️👉👈
4	Ақулым Гиалтова	👉👈
5	Елдана Нұржанит	👉👈
6	Камилә Диварқызы	қолданбаймын
7	Нүрәлі Серікжан	👉👈👉👈
8	Али Айболатов	👉👈👉👈👉👈👉👈👉👈👉👈👉👈👉👈👉👈👉👈👉👈
9	Нұрғали Сәдуақас	👉👈👉👈
10	Нағмыс Байтұрған	👉👈👉👈

Қазіргі уақытта түрлі мессенджерлердің дамуы әсерінен қай желіні жиі пайдаланатыны туралы сұрақ берілді. Бірен-саран адамдар фейсбук пен инстаграмды қолданатынын атап өтсе, басым көпшілігі уатсап желісін қолданатынын алға тартады.

Ең жиі қолданатын желі уатсап болғандықтан, осы желідегі коммуникация ерекшелігін зерттеуді ұстанғандықтан, «Хат жазу рәсімін сақтайсыз ба? (Амандасу, мәселені баяндау, өтіну, қоштасу және т. б.), Хат жазудың басында қалай амандасасыз?, Қоштасу формуласын қолданасыз ба?, Өз мәселеңіз туралы қалай жазасыз?,

Бірден сілтеме файлдар жібересіз бе?, Сезімдеріңізді қалай білдіресіз?, Көбінесе қандай эмоджилерді қолданасыз? Белгілеңіз» деген сұрақтар қойылды. Нәтиженің кейбіреуіне түсініктеме берейін.

Респонденттер «Хат жазу рәсімін сақтайсыз ба? (Амандасу, мәселені баяндау, өтіну, қоштасу және т. б.)» сұрағының жауабына да мен күмәнданамын, себебі сыныптастарым хат жазбайтындығын жоғарыда атап өттік, ал жоғары сынып оқушылары бірден сілтеме жіберіп, қоштаспайтындығын атап өтті.

Уатсап желісінде қалай амандасыз сұрағына, 30 оқушы «Привет» сөзін қолданатынын ескертсе, ағылшын тілінде, эмодзимен, гифпен амандасатындар да бар екенін байқауға болады. Өз тілінде амандаспау, не гиф пен эмодзиді қолдану ана тілінің қолданыс аясын тарылтатыны анық.

Ал адресатпен қоштасуы туралы сұраққа жауап кезінде орыс тілінде және эмодзимен қоштасатындардың қосындысы басым екендігін байқалды.

Адам өмірінде түрлі эмоцияны көрсетеді, көреді. Ал оны ақындар сөзбен өрнектейді, суретшілер түрлі түстер арқылы береді. Уатсап желісінде күнделікті хат жазу кезінде менің замандастарым эмоцияны білдірудің қандай әдістерін қолданады? Сауалнамаға қатысқандардың 10-ы сөзбен жазады екен, яғни 12-сынып оқушыларының басым бөлігі. Бұл олардың өз ана тіліне құрметі деп ойлаймын. Менің сыныптастарым өз сезімдерін білдіру үшін эмодзи қолданатын байқадым, ол көп жазуға ерінгендік болар. Тағы да гифті жиі қолданады екен, ол да көп жазуға ерінгендік және эмодзиден гөрі сезімді толығырақ жеткізуге әсер ететін секілді: мысалы, қарқылдап күліп тұрған гиф адресатқа адресанттың эмоциясын дәл жеткізе алатындықтан болар.

«Көбінесе қандай эмодзилерді қолданасыз?» – деген сұраққа менің замандастарым.

Келесі эмоджилерді қолданады екен.

Сауалнама нәтижесін қорытындылай келе, мынадай қорытындыға келдім:

✓ Әлеуметтік желі арқылы сөйлесу арқылы әр ұлт өзінің дәстүрлі құндылықтар (бауырмалдық, сыйластық) жояды;

✓ Әр тіл өзіндік ерекшелігін жоғалтады, мысалы қазақ тілінің әуезділігі, буын үндестігі мен дыбыс үндестігі заңдылықтары сақталмай бұзылады. Оны сыныптастарымның сөйлеу әрекетінен байқап жүрмін. Олар «келесің бе» деп айтудың орнына «келесің ба?», «бүгүн» деп айтпай «бүгін» деп айту жиілеп барады.

✓ Әріптер барған сайын ықшамдалады, орфография мен тыныс белгілері сақталмайды;

✓ сауатсыздыққа әкеледі. Тіл шұбарланады, қазір жас жеткіншектердің ағылшын тіліндегі сленгті қолданады.

✓ Эпистолярлық жанр ерекшелігін сақтамау маңызды құрылымдық және этикеттік элементтер жиі қабылданбауына әкеледі, яғни өзара хат жазысу мәдениеті төмендейді,

✓ хат жазысу кезінде тілдік құралдардың әртүрлілігі нашарлайды.

✓ Эмодзи, гифтердің қолданылуы тіл жұтаңдығына әкеледі. Адамдар ауызша да, жазбаша да өз сезімдерін білдіре алмайды. Оны білдіретін қазақ тілінде арнайы тілдік бірліктер бар. өз сезімдері мен эмоцияларын білдіре алмайды, яғни одағай, еліктеу сөздер көнерген сөзге айналуы мүмкін.

Осы мәселерді анықтай келе, оның мынадай шешу жолдарын ұсынар едім:

✓ Әлеуметтік желіде эпистолярлық жанр ерекшелігін сақтау

✓ Хат жазу кезінде тіл тазалығын ұстану;

✓ Гиф, эмоджи сирек және орынды қолдану.

Әдебиеттер

1. Словарь иностранных слов. – М., 1988. – 624 с.

2. Розенталь Д.Э. Практическая стилистика русского языка. – М., 1974. – 352 с.

3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2004. – 282 б.
4. Әбікенова Г. «Қазақ тіліндегі эпистолярлық стильдің лингвистикалық сипаты»
5. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана, 2006. – 271 б.
6. Шалабай Б. Қазақ стилистикасы ғылымының алдында тұрған міндеттер //Қазақ филология ғылымы: тарихы, бүгінгі және болашағы. – Алматы, 2003. – 73-75 б.
7. Винокур Г.О. Избранные работы по русскому языку. – М., 1959. – 66 с.

Нурбек Айзере, Дуйсенова Сенім

Семей қаласындағы ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі

Ғылыми жетекшісі – **А.Н.Жайсанбаева**, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

«МИФОЛОГИЯ ӘЛЕМІ» ҮСТЕЛ ОЙЫНЫ

Мифология – адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы [1]. Мифология арқылы әлемнің және адамзаттың жаралуы, туу мен өлу мәселесі, адам тағдыры, өмір мәні (өмір мәндік мифтер), болашақ, «ақырзаман» жайлы сәуегейлік (эсхатологиялық мифтер) туралы алғашқы наным-сенімдер пайда болды [2]. Қазақ мифологиясының зерттелуі әлі жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмады, алайда бұл ілімді терең қарастырып, мифологияға жаңа көзқарас ашқан ғалымдар – Сейіт Қасқабасов, Серікбол Қондыбаев, Орынбай Жанайдаров, Ошақбаева Жазира, т.б.

Қазақ мифологиясын фольклордың мәдени мұрасы ретінде жастар арасында өзектілігін арттыру және құндылығын жаңғырту қазіргі таңда өзектілігі жоғары мәселе, себебі мифология саласы жас буынның өз ұлтының мәдениеті және ауыз әдебиеті ерекшеліктерін тануға, сонымен қатар ұлттық болмысымызды сақтауда септігін тигізеді [3]. Жасөспірімдер мен балалар арасында бұл бағыт қызығушылық оятады, себебі мифологиялық кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеттері мен сөздері балаларда ерекше эмоциялар мен сезімдер тудырады. Мифологиялық кейіпкерлер балалар үшін тылсым әлемдегі, қарапайым өмірде кездестіре алмайтын, шытырман оқиғалар мен сиқырға толы тұлғалар болғандықтан, олар осы кейіпкерлер туралы көбірек біліп, естігісі келеді. Дегенмен телеарналарда анимациялардың дәрежесі жоғары деңгейде деп айту қиынға соғады, сондықтан жастардың көпшілігі шет елдердің орыс тіліне аударылған мультфильмдері мен ойындарына көңіл бөлуді жөн көреді: олардың сапасы жоғары, көңілді көтереді, әзілдерге толы. Сондықтан отандық контент пен мәдениетті жаңа деңгейге көтеретін жобалардың жүзеге асуы қазір ел үшін маңызды мәселе болып саналады.

«Мифология әлемі» үстел ойыны» зерттеу жұмысының мақсаты: қазақ мифологиясының кейіпкерлері мен олардың оқиғаларын жастарға таныту, ұлттық болмысты нақыштау әрі балалардың ойлау қабілетін креативті жолмен дамыту, гаджеттерге тәуелділікті азайту және уақытты тиімді өткізуге мүмкіндік жасау. **Жобаның жаңашылдығы:** қазақ мифологиясы мен оның кейіпкерлеріне қатысты үстел ойынының алғаш рет жасалуы; зерттеу жасап қана қоймай, өнім шығарылуы. **Қолданылу аясы:** қазақ әдебиеті сабақтары, балаларының бос уақытын тиімді өткізуін қалайтын отбасылық жиындар, оқушылар мен студенттер кездесулерін, зияткерлік ойын орындары.

Зерттеу барысында ғылыми еңбектерге шолу жасалып, 12-17 жасар жасөспірімдер арасында қазақ мифологиясы және оның кейіпкерлеріне байланысты сауалнама жүргізілді, ойынды әзірлеу мақсатында оның шарттары, ақпараттық карточкалары мен арнайы дизайны жасалды. Қазақ мифологиясы туралы жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде оқушылардың 90%-ы мифологияны қызықты деп есептейді. Ал олардың 16%-ы қарастырылған барлық алты мифологиялық кейіпкерлерді білсе, 84%-ы тек Жезтырнақты ғана таныды. Сауалнама нәтижелері бойынша жастардың фантастикалық фильм, мультфильмдерге, қиял-ғажайып хикаяларға қызығатындығы анықталды. Алайда олардың барлығы ағылшынша немесе орысша тілдегі контент тұтынатындығын атап өтті. Мәселен: «Марвел» фильмдері, «Гарри Поттер» кітаптары мен фильмдері, кәріс дорамалары, аниме, «Графити Фолз». Сауалнама бойынша балалардың қызығушылығы болғанымен, отандық контенттің жетіспеушілігі байқалды.

«Мифология әлемі» үстел ойыны барысында ойыншылар 3 антогонист, 3 протогонист кейіпкерлермен ойнайды. Антоганисттер: Жезтырнақ, Қонаяқ, Обыр. Протагонисттер: Саққұлақ, Желаяқ, Таусоғар. Ойынды жасау үшін арнайы ережелер мен қызықты тапсырмалар енгізілді.

Жобаны жасау барысында дизайнмен айналысу өте көп уақытты қажет етті, сонымен қатар мифологиялық кейіпкерлер туралы ақпаратты табу үшін көптеген ресурстар зерттелді. Жастардың қызығушылықтарына сай ойын жасау үшін көп нұсқалар талданды. Жұмыс соңында мазмұны толық, жастардың көңілін көтеретін, ойлау қабілетін дамытатын және қазақ мифологиясы туралы білімдерін кеңейтетін ойын құрастырылды.

Әдебиеттер

1. Мифология – Уикипедия (wikipedia.org)
2. Мифологияны зерттеудің әдіснамалық негіздері || Ошақбаева Жазира Бейбітқызы
3. Ғылым және мифология

СЕКЦИЯ № 3: РУССКАЯ И ИНОСТРАННАЯ ФИЛОЛОГИЯ

Романова Виктория

КГУ «Новопокровская средняя школа»

Научный руководитель – Хусаинова З.З., учитель английского языка

АНГЛИЦИЗМЫ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РЕЧЬ ШКОЛЬНИКА

Настоящая исследовательская работа посвящена англоязычным заимствованиям в современной молодежной среде. Тема англицизмов в русском языке достаточно популярна и является объектом исследования для многих как отечественных, так и зарубежных лингвистов.

Актуальность данной темы очевидна, поскольку английские слова стали частью русского языка, они понятны нам, не вызывают трудностей в произношении, употребляются в различных стилях и не затрудняют общение, однако нанесение ущерба культуре языка – засорение его жаргонизмами, тенденция к неоправданному использованию англицизмов – является очевидной проблемой культуры речи молодежи.

Цель нашей работы: изучить процесс заимствования английских слов в русском языке, и определить какое влияние он оказывает на речевое поведение подростков. Для достижения поставленной цели мы изучили историю и причины проникновения англоязычных заимствований в русский язык, рассмотрели способы образования англицизмов, классифицировали заимствования по сферам общения, провели опрос среди учащихся школы.

При решении поставленных выше задач были использованы теоретические, эмпирические и социальные методы и приёмы.

На этапе реализации социального метода мы провели социологический опрос среди учащихся 5-11 классов, где приняло участие 51 ученик. Подводя итоги анкетирования, мы пришли к следующим выводам. Современные подростки используют в своей речи заимствованные слова [1], так как с их помощью им легче передать значение, смысл своего высказывания, а также заменяют иноязычными словами сложные описательные обороты родного языка: флэшка, модем, ноутбук [2]. Учащиеся отдают предпочтение англицизмам в своей речи, так как в русском языке, по их мнению, таких слов нет, причем они адекватно понимают значения заимствованных слов, которые они слышат в речи других людей или употребляют сами. Из опрошенных молодых людей (15%) считают уместным и оправданным использовать в своей речи иноязычные слова и большая часть школьников отрицательно относятся к «засорению» родного языка заимствованными словами, хотя используют их в собственной речи. Наиболее часто употребляемые англицизмы в лексиконе современных подростков относятся к сферам: техника, одежда, музыка, СМИ, спорт. Следующим этапом исследовательской работы являлось интервью с лингвистическим экспериментом с учащимся 11 класса Сайфутдиновым Тимуром, который является активным пользователем современных социальных приложений Instagram и Tik-Tok. Ему был предложен рассказ, в котором использовались только русские слова. Его задача состояла в том, чтобы заменить русские слова на англицизмы, с целью показать, что речь современного русского человека, даже школьника, невозможна без заимствований. Исходя из результатов опроса и интервью, были выпущены информационные видеоролики «Современный подростковый сленг» и размещены на личной странице социальной сети Instagram. В завершении исследовательской работы был создан краткий словарь англицизмов, который станет неотъемлемым помощником для учителей и учащихся при изучении тем вариативного курса «Глобальные компетенции» в 10-11 классах.

Проведя очень кропотливую работу в поисках путей для её достижения, мы пришли к выводу: во-первых, иногда англицизмы употреблять удобнее, так как они короче, четче выражают смысл; во-вторых, англицизмы уже многим понятнее, чем длинный перевод; в-третьих, эти слова уже прочно вошли в нашу повседневную речь; в-четвертых, есть ли необходимость искоренять заимствованные слова в век глобализации, ведь они не считаются ненормативной лексикой. Однако необходимо привести следующее противоречие: с одной стороны появление новых слов расширяет словарный запас, а с другой в связи с

употреблением огромного количества неоправданных заимствований происходит засорение языка, утрачивается его самобытность и неповторимая красота.

Литература

1. А. И. Дьяков. Причины интенсивного заимствования англицизмов в современном русском языке (Язык и культура). – Новосибирск, 2003. – С. 35-43.
2. <http://www.englishinrussia.ru/ru/blog/languageанглицизмы-в-современном-русском-языке>.

Қадесов Ануар

«Дарынды балаларға арналған Ш. Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан»
арнайы ерлер – мектеп – лицей – интернаты»
Ғылыми жетекші – **Байтемирова Г.Б.**, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ӨЗГЕРІСІНЕ ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНІҢ ӘСЕРІ

Қазір интернет және әлеуметтік желілер арқасында «инстадостар», «лайкқа лайық», «инстамания», «кітапмания» деген секілді көптеген жаңа сөздер пайда болып, тіліміз байып қалды. Екі сөздің қосындысынан жасалған туынды сөздер ағылшын тілінде де жетерлік. Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Аустралия және басқа елдерде ана тілі болып есептеледі.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін оқып-үйрену бүгінгі күні үлкен қажеттілік туғызып отыр. Әрбір оқушы – ертеңгі жас маман, қазіргі заман талабына сай ағылшын тілін меңгеруді алдына мақсат етіп отыратыны бізге белгілі. **мақсаты:** ағылшын тілінің өзгерісіне ғаламтордың қалай әсер еткенін анықтау.

Гипотеза: интернеттің әсері соншалықты үлкен болғандықтан, бұл процесс жаңа тілдің – интернет тілінің пайда болуына әкеледі. жаңа сөздер, қысқарған сөздер, графикалық белгілерді дұрыс қолданбау, аббревиатура, қарым-қатынас стилінің бейресми сипаты, осының бәрі тілдің өзгеруіне әсер етеді. Лингвистикалық саладағы білгірлер желінің тілге әсерін үлкен назар қойды. Дүниежүзілік желі, баспа басылымдары, теледидар, радио жалпы ақпараттық желіні құрайды. Бұл желідегі адамдар "Netizens" деп аталады (ағылшын тілінен. "citizens" – халық, "net" – желі). Күнделікті "Webies" (ағылш. «web» – "www", бүкіләлемдік ғаламтор), ал жаңа "Newbies" (ағылшын тілінен "New" – жаңа). Бүкіләлемдік ғаламторды жасаушылар интернетте нормалар орнатты қарым-қатынас(netiquette), объективтілік және стиль-бұл аббревиатура, қате, жаргон. Белгіленген аббревиатураларды қолдану. Олардың көпшілігі виртуалды қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерінде жиі кездеседі және тәжірибелі пайдаланушылар үшін таңқаларлық жайт емес: LOL (Laugh Out Loud) қатты күлу, ASAP (As Soon As Possible) мүмкіндігінше тезірек, IC (I See) түсінікті, BRB (Be Right Back) жақында ораламын, CYAL8R (See You Later) [Seeyalata] кейінірек кездескенше. Көбінесе визуализация құралдары, "Эмодзи" (ағылшын тілінен. smile)кездеседі. Бүгінгі таңда ұқыпсыз сөйлеу стилін көптеген жасөспірімдер мен жастар негізінен әртүрлі құрылғылар мен компьютерлердің көмегімен жазбаша түрде қолданады, ал жазбаша тілдің формальдылықтары жай еленбейді.

Мен осы ғылыми жұмысты зерттей отырып, сыныптастарыма сауалнама өткізуді жөн көрдім. Сауалнама қорытындысы бойынша, қазіргі мектеп оқушыларына ағылшын тілін меңгеру, сөйлесу оңай. Барлығы дерлік тілді үйренгісі, білгісі келеді. Оқушылардың барлығы ғаламторды күнделікті өмірде қолданады және тілдің шұбарланып, кейбір сөздердің өзгеруіне ғаламтордың әсер еткендігін түсінді. Мен мысалдар келтіріп, дәлелдерді көрсетіп, таныстырған кезде, оқушылар толық сол кезде көздерін жеткізді. Ағылшын тілінің өзгеруіне тікелей өзіміздің де байланысты екендігін ұмытпауымыз керек.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі – байланыс тілі. Ағылшын тілі қазіргі заман талабына сай, кең ауқымда қолданылатын тіл. Жаһандық экономикадағы тіл десек, кем түспес едік. Ғаламторды әртүрлі нысандарда белсенді пайдалану дәл сол себепті ағылшын тілінде пайда болған өзгерістер жеке виртуалды әлемді жасайды, оның тілі жалпы қабылданғаннан мүлдем өзгеше. Мұндай процестер одан да үлкен өзгерістерге әкеледі, өйткені жаңадан пайда болған виртуалды әлем енді сыртқы әлемге тәуелді болмайды. Енді сіз желіде әртүрлі қысқартуларды жинап және оларды қолданудың мысалдарын таба алатын интернет-сленг деп аталатын арнайы сөздіктерден таба аласыз.

Ергалиев Тимур

КГКП «Семейский финансово-экономический колледж имени Рымбека Байсеитова»

Управление образования области Абай

Научный руководитель – **Искаков А.Н.**, старший преподаватель

ТРЕХЪЯЗЫЧИЕ В КАЗАХСТАНЕ: ПРЕИМУЩЕСТВА И ПРОБЛЕМЫ

В статье речь идет о трехязычии в системе образования Казахстана, его проблемах, перспективах и преимуществах.

Цель исследования: определить значение трехязычия в системе образования. Выявить проблемы и найти пути решения проблем связанных с трехязычием.

Актуальность исследования: Данная проблема в Казахстане является крайне актуальной, так как и по сей день у трехязычной системы образования есть как преимущества, так и недостатки.

Давайте разберемся, что вообще такое трехязычие? Трехязычие – это функционирование трех языков в предел: государства, региона, города, поселка, где каждый из языков взаимосвязан с определенной сферой деятельности и общения. В свою очередь, трехязычная система образования – это изучение двух иностранных языков на основе государственного языка. В случае с Казахстаном это обучение русскому и английскому языку на основе казахского языка. Целью образования трехязычия является становление личности в развивающейся многонациональной и поликультурной окружающей среде, которая относится с пониманием и уважением к другим этническим группам и сохраняет свою национальную особенность [1]. Трехязычие помогает людям расширять свои навыки, знания, и взаимопонимание между людьми. Хотелось бы выделить, что в каждый язык имеет своё значение: Казахский язык является государственным языком, русский язык является языком межнационального общения, а английский язык является языком всемирного общения и экономики. Необходимость внедрения трехязычия в систему образования Казахстана впервые была озвучена в 2004 году. Однако на протяжении некоторого периода времени амбициозный проект, целью которого является свободное владение людьми казахским, русским и английским языком, был воспринят как мимолетная идея, чья реализация будет отложена на некоторый промежуток времени. Но все изменилось, когда в 2018 году в послании президента народу Казахстана было заявлено, что со следующего года ученики старших классов всех учебных предприятий должны перейти на трехязычную систему обучения.

О трехязычии
